

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ЕУРАЗИЯ АГРАРЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ

«БЕКІТЕМІН»

Директордың оқу жұмысы
жөніндегі орынбасары

_____ Инкарбаева Г.М.

« _____ » _____ 2021 ж.

Пәннің оқу-әдістемелік кешені

Мәдениеттану

(пәннің коды және толық атауы)

1305000 - «Ақпараттық жүйелер»

(мамандықтың шифры және толық атауы)


Алматы 2021

Пәннің оқу әдістемелігін әзірлеген
оқытушы **Ибраемжанова Кулжанат Амановна**
(аты-жөні, тегі, лауазымы, ғылыми дәрежесі)

(қолы)

МАЗМҰНЫ

№	Құжат түрлері	Бет
1	Пән бойынша аудиториялық сабақтарды өткізудің күнтізбелік-тақырыптық жоспары.....	
2	Пәнді оқытудың студентке арналған бағдарламасы (Syllabus).....	
3	Дәрістік кешен (дәріс тезистері, иллюстрациялық және таратқыш материалдар, ұсынылған әдебиеттер тізімі).....	
4	Лабораториялық-тәжірибелік сабақтар бойынша әдістемелік нұсқаулар.....	
5	Білім алушының өзіндік жұмыстарына арналған материалдар.....	
7	Пәннен сабақ беруге арналған аудиториялар, кабинеттер және лабораториялар	



Пән бойынша аудиториялық сабақтарды өткізудің күнтізбелік-тақырыптық жоспары

Мәдениеттану

(пәннің коды және толық атауы)

1305000 - «Ақпараттық жүйелер»

(мамандықтың шифры және толық атауы)

Алматы 2021 ж

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министірлігі

Еуразия аграрлық колледжі

«БЕКІТЕМІН»

Директордың оқу жұмысы
жөніндегі орынбасары

_____ Инкарбаева Г.М.

« _____ » _____ 2021 ж.

«Мәдениеттану»

2021–2022 оқу жылының

КҮНТІЗБЕЛІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

Семестр -1

Мамандық 1201000-Автокөлікті жөндеу, пайдалану және техникалық қызмет көрсету

Біліктілік 1201000-Техник-механик

Курс – 2, топ То-212

Сағат саны-40

Педагог Ибраемжанова Кулжанат Амановна

Күнтізбелік-тақырыптық жоспары 2015 жылдардағы типтік оқу бағдарламасына сәйкес құрылды

«Жалпы әлеуметтік» пәндік (циклдік) комиссияның отырысында қаралды.

20__ ж. «__» _____ №__ хаттама

Төраға _____ Қожан Н.Ғ.

Сабақ №	Тақырыпты оқытудың күнтізбелік мерзімі	Бөлім, тақырып атауы	Сағат саны	Сабақ типі	Үй тапсырмасы	Ескерту
1		Кіріспе. Мәдениеттану-мәдениет туралы ғылым.	2	Аралас сабақ	Нағымұлы Ш. Мәдениеттану: А: Фолиант, 2010	
2		Мәдениет және өнер.	2	Жалпылау және қорытындылау сабағы	Өмірбекова М. Мәдениеттану негіздері А; 2013	
3		Архаикалық мәдениет. Миф-мәдениеттің бір түрі.	2	Жалпылау және жүйелеу сабақтары	Құлсариева А. Мәдениеттану А; Раритет 2016	
4		Ежелгі Шығыс мәдениеті.	2	Жалпылау және жүйелеу сабақтары	Құлсариева А. Мәдениеттану А; Раритет 2016	
5		Антикалық мәдениет.	2	Аралас сабақ	Нағымұлы Ш. Мәдениеттану: А: Фолиант, 2010	
6		Ортағасырлық араб-парсы мәдениеті.	2	Аралас сабақ	Өмірбекова М. Мәдениеттану негіздері А; 2013	

7		Еуропалық Қайта өрлеу.	2	Жаңа оқу материалын меңгеру сабақтары	Нағымұлы Ш. Мәдениеттану: А: Фолиант, 2010	
8		Жаңа заман кезеңіндегі мәдениет.	2	Аралас сабақ	Құлсариева А. Мәдениеттану А; Раритет 2016	
9		Ресей мәдениетінің дамуы.	2	Жалпылау және жүйелеу сабақтары	Нағымұлы Ш. Мәдениеттану: А: Фолиант, 2010	
10		Қазақ жеріндегі ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер және қазақ мәдениетінің бастауы.	2	Аралас сабақ	Тілеубекұлы Т, Қазақтың ою-өрнектері мен зергерлік бұйымдары: А: Фолиант, 2012	
11		Ортағасырдағы түркі мәдениеті.	2	Жаңа білімді меңгеру сабағы	Құлсариева А. Мәдениеттану А; Раритет 2016	
12		Көшпелі өркениет құндылықтары.	2	Жалпылау және жүйелеу сабақтары	Тілеубекұлы Т, Қазақтың ою-өрнектері мен зергерлік бұйымдары: А: Фолиант, 2012	
13		Дәстүрлі қазақ мәдениеті. Халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері.	2	Аралас сабақ	Өмірбекова М. Мәдениеттану негіздері А; 2013	

14		Кеңестік кезеңіндегі Қазақстан мәдениетінің дамуы.	2	Жалпылау және жүйелеу сабақтары	Нағымұлы Ш. Мәдениеттану: А: Фолиант, 2010	
15		Қазіргі қазақ мәдениеті.	2	Жаңа білімді меңгеру сабағы	Құлсариева А. Мәдениеттану А; Раритет 2016	
16		Қарым-қатынастар мәдениеті.	2	Жаңа оқу материалын меңгеру сабақтары	Нағымұлы Ш. Мәдениеттану: А: Фолиант, 2010	
17		Будда мәдениеті.	2	Жаңа білімді меңгеру сабағы	Өмірбекова М. Мәдениеттану негіздері А; 2013	
18		Христиан өркениеті.	2	Жалпылау және жүйелеу сабақтары	Нағымұлы Ш. Мәдениеттану: А: Фолиант, 2010	
19		Ислам өркениеті.	2	Жаңа білімді меңгеру сабағы	Құлсариева А. Мәдениеттану А; Раритет 2016	
20		Қайталау	2	Жалпылау және жүйелеу сабақтары	Нағымұлы Ш. Мәдениеттану: А: Фолиант, 2010	

Сағаттың бөлінуі

№ р/с	Оқу уақытының бөлінісі	Барлық сағат саны	оның ішінде		
			Теориялық сабақтар	Практикалық және зертханалық сабақтар	Курстық жоба/жұмыс
1	Барлық сағат	40	40	-	-
2	Семестрге жоспарланған	40	40	-	-
3	Бұрын өткізілген сағат	-	-	-	-
4	Келесі оқу жылына қалған	-	-	-	-



**Дәрістік кешен (дәріс тезистері, иллюстрациялық және таратқыш материалдар,
ұсынылған әдебиеттер тізімі)**

Мәдениеттану

(пәннің коды және толық атауы)

1305000 - «Ақпараттық жүйелер»

(мамандықтың шифры және толық атауы)

Алматы 2021 ж
Сабақтың технологиялық картасы

Пән/ Мәдениеттану

Мерзімі/_____ Топ/_____

Сабақтың №/ 1

Тақырыбы/ Кіріспе. Мәдениеттану-мәдениет туралы ғылым

Сабақтың мақсаты/

білімдік/ білім алушыларға туралы айта отырып білгендерін толықтыру

дамытушылық/ білім алушылардың жан-жақты ойлауын, сөйлеу қабілетін, түйсігін, дүниетанымын дамыту, пәнге деген қызығушылығын арттыру

тәрбиелік/ білім алушыларды отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа, туған жеріне, ата-мекеніне деген сүйіспеншіліктерін арттыруға дұрыс бағыт-бағдар беру, патриоттық рухта тәрбиелеу

Сабақтың типі/ жаңа оқу материалын меңгеру сабақтары

Сабақтың қамтамасыздандырылуы/

а) оқу-көрнекілік құралдар/ оқулықтар

б) үлестірмелі материалдар/

в) ТОҚ / проектор

Пәнаралық байланыс/

Өз бетінше жұмыс/ мәтінмен жұмыс

Сабақтың өту барысы/

Ұйымдасу кезеңі/ Сәлемдесу, білім алушыларды түгелдеу, олардың назарын сабаққа аудару

Білім алушылардың біліктілігі мен дағдысын тексеру

Жаңа тақырыптың мазмұны мен жүйесі

(Конспект)

1. Мәдениеттану пәні
2. Қоғамдағы мәдениеттің негізгі қызметі
3. Мәдениет пен өркениеттің арақатынасы

Мәдениеттану — мәдениет туралы ғылым әрі философиялық ілім. Мәдениеттау жеке пән ретінде XIX ғасырдың соңғы ширегінде қалыптасты. Мәдениеттау пәні жергілікті және аймақтық мәдениеттердің сапалық ерекшеліктерін, олардың өзара байланыстары мен мәдениеттің басқа түрлерімен сабақтастығын, қарым-қатынасын зерттей отырып, адамзат қоғамының біртұтас мәдени даму процесінің жалпы заңдылықтарын анықтайды.

Мәдениеттау ғылымы Мәдениеттау пәні әр түрлі қоғамның өмір сүруі барысындағы мәдени өмірді жан-жақты қамтып, мәдени құбылыстарға ғылыми тұрғыдан талдау жасайды. Мәдениеттауды тек гуманитарлық ғылымдар саласына ғана емес, жалпы теоретикалық пәндер қатарына жатқызуға болады, өйткені ол адамзат баласының мәдени өміріндегі сан алуан құбылыстарды жүйелі түрде қарастырады. Мәдениеттау мен көптеген ғылым салалары шұғылданады. Оның ғылым ретінде қалыптасуына антропология, тарих, психология, педагогика секілді ғылым салалары зор ықпал етті. Мәдениеттау пәнінің негізгі мәселесі адамзаттың ерекше өмір сүру тәсілі ретінде мәдениеттің қалыптасып дамуы, оның генезисі болып табылады. Бұл орайда мәдениеттанушылардың басты мақсаты – дүниежүзілік және ұлттық деңгейдегі тарихи-мәдени процестерді тарихи шындық тұрғысынан түсіндіре отырып, оларды болжай білу. Кеңес дәуірінде Қазақстанда Мәдениеттау пәні жүйелі түрде оқытылмай, гуманитарлық ғылымдар саласында өзінің нақты орнын таба алмады.

Мәдениет ұғымының тарихи қалыптасуы «Мәдениет дегеніміз не?» деген сұраққа жауап беру үшін бұл сөздің этимологиясына, яғни осы бір күрделі ұғымды білдіретін сөздің шығу тегіне тоқталуды жөн көрдік. Қазақ тіліне бұл термин арабтың мадавият қала, қалалық деген сөзінен енген. Бұл ортағасырлардағы мұсылман мәдениетінің өркендеу кезеңінде қалыптасқан түсінікпен байланысты. Мәдениетке берілген көптеген анықтамаларды альтернативтік (қарсы қоюшылық) деп атауға болады. Бұл жерде алдымен көзге түсетіні мәдениет пен табиғатты «культура» мен «натураны» қарсы қоюшылық. Көне заманда «культура» деген ұғым «жерді өңдеу» деген мағынаны берген. Кейінірек, дәлірек айтқанда, Цицеронның еңбектерінде (б.э.д. 45 ж.) бұл сөздің мағынасы тереңдеп, «жанды жетілдіру» деген ұғымды білдірді. Уақыт өткен сайын еуропалық тілдерде мәдениет сөзі «білім беру», «даму», «қабілеттілік», «құрметтеу» сияқты мағыналарға ие бола бастады.

Жаңа материалды бекіту, біліктілік пен дағдыны қалыптастыру

1. Мәдениеттану дегеніміз не
2. Мәдениет дегенді қалай түсінесің?
3. Мәдениеттің қоғамдағы алатын орны?

Сабақтың қорытындысы/ Кіріспе. Мәдениеттану-мәдениет туралы ғылым

Рефлексия/

1. сабақта үйренгендерін бекіту, қолдану жолдарын беру
2. жаңадан үйренгенін пайдалана отырып, білімін жүйелеу
3. жауап шешімі осыған байланысты жұмыстар беру арқылы түсінік деңгейін тексеру

Бағалау/ Тапсырманы орындау қорытындысы бойынша білім алушыларды бағалау

Үй тапсырмасы/ Кіріспе. Мәдениеттану-мәдениет туралы ғылым

Т.Ғабитов. «Мәдениеттану» Алматы 2007ж. 3-12 б

Дир.ҒӘЖЖ орынбасары _____ Мамбетов М.Б.

Оқытушы: _____ Ибраемжанова К.А.

Сабақтың технологиялық картасы

Пән/ Мәдениеттану

Мерзімі/ _____

Топ/ _____

Сабақтың №/ 2

Тақырыбы/ Мәдениет және өнер

Сабақтың мақсаты/

білімдік/ білім алушыларға мәдениеттің дамуы мен қалыптасуы туралы айта отырып білгендерін толықтыру.

дамытушылық/ білім алушылардың бойына жауапкершілік принципін қалыптастыру.

тәрбиелік/ білім алушыларды өз ойын ашық айтуына, саяси өмірге белсене араласуына ықпал ете отырып, патриоттыққа тәрбиелеу.

Сабақтың типі/ білім мен дағдыны бақылау және түзету сабақтары

Сабақтың қамтамасыздандырылуы/

а) оқу-көрнекілік құралдар/ оқулықтар, слайд

б) үлестірмелі материалдар/ карточкалар

в) ТОҚ /

Пәнаралық байланыс/Тарих, Саясаттану, Философия

Өз бетінше жұмыс/ мәтінмен өзіндік жұмыс

Сабақтың өту барысы/

Ұйымдасытру кезеңі/ Сәлемдесу, білім алушыларды түгелдеу, олардың назарын сабаққа аудару

Білім алушылардың біліктілігі мен дағдысын тексеру

1. Мәдениеттану дегеніміз не
2. Мәдениет дегенді қалай түсінесің?
3. Мәдениеттің қоғамдағы алатын орны?

Жаңа тақырыптың мазмұны мен жүйесі

(Конспект)

1. Мәдениеттер типологиясы туралы қазіргі түсініктер.

2. Өнер туралы түсінік, оның шығу тарихы

Өнер — көркем образдар жүйесі арқылы адамның дүниетанымын, ішкі сезімін, жан дүниесіндегі құбылыстарды бейнелейтін қоғамдық сана мен адам танымының формасы.

Өнер өмірде болған оқиғаларды қаз-қалпында алмай, өзгертіп, түрлендіріп, көркем образдарды типтендіру арқылы сомдайтын эстетикалық құбылыс. Оны қоғамдық сананың өзге формаларынан даралайтын белгісі де адамның шындыққа деген эстетикалық қатынасы болып табылады. Өнердің мақсаты – дүниені, адам өмірін, қоршаған ортаны көркемдік-эстетикалық тұрғыдан игеру. Көркем шығарманың бел ортасында нақты бір тарихи жағдайда алынған жеке адам тағдыры, адамдардың қоғамдық қатынастары мен қызметтері тұрады. Олар суреткер қиялы арқылы өңделіп, көркем образдар түрінде беріледі. Шығарманың суреттеу тәсілі, құрылымдық келбеті, көркем бейне жасаудың материалдық арқауы өнер түрлерінің ерекшеліктерін айқындайды.

Сөз өнері іштей – жазба әдебиет, ауыз әдебиеті болып бөлінсе, музыкалық өнер – вокалдық, аспаптық музыка түрлеріне бөлінеді. Сахналық өнер – драмалық, музыкалық, куыршақ, эстрада, цирк, т.б. болып жіктеледі. Ауыз әдебиеті – эпос, лирика, драма сияқты тектерге бөлінуімен қатар, бейнелеу өнері – портрет, пейзаж, натюрморт, сахна өнері, комедия, трагедия, водевил, т.б. жанрларға бөлінеді. Би де сол секілді гимнастика, халықтық, заманауи би деп бөлінеді. Өнер, жалпы алғанда, әлемді игерудің тарихи қалыптасқан көркем әдісі ретінде өзіне тән ерекшеліктер мен өзіндік сипатқа ие. Өнердің

эстетикалық қызметі арқылы танымдық табиғаты мен тәрбиелік сипаты айқындалады. Әрбір тарихи кезеңнің, сондай-ақ әрбір халықтың өзіне тән эстетикалық талап, талғамдары болады. “Өнер алды – қызыл тіл” деген қазақ мәдениетінде сөз өнерінің орны ерекше болған. Бұны да осы секілді халқымыздан мұра болып қалған мақал-мәтелдерден көруге болады. Қазақ фольклорының шағын жанрлары – мақал-мәтел, жұмбақ, лирикалық ән-өлеңдер, билер институты тудырған шешендік сөздер табиғатының эстетикалық сипаты басым. Халық музыкасында қалыптасқан әншілік, күйшілік дәстүрлердің де өзіндік болмысы анық. Кең тынысты лирикалық әндер арқылы халық өзінің ішкі сезімдерін сыртқа шығарған болса, күмбірлеген күй арқылы өздерінің эстетикалық әр философиялық ой-толғамдарын жеткізіп отырған. Осы белгісіне орай өнерді әрі эстетикалық, әрі этникалық құбылыс ретінде қарастыруға да болады. Халық мұрасы тұсында оның этникалық арқауы басым болса, кәсіби өнерге келгенде эстетикалық сипаты үстем. Өнер туындылары арқылы өмір шындығын көрсетудің әр түрлі тарихи кезеңдерге тән өзіндік көріністері бар. Соларды саралай отырып, адамзат баласының көркем қиялмен ойлау жүйесінің даму, жетілу жолдарын аңғарамыз.

Жаңа материалды бекіту, біліктілік пен дағдыны қалыптастыру

1. Мәдениет ұғымының даму логикасы және тарихы
2. Өнердің шығу тегі
3. Мәдениет пен өнердің айырмашылығы?

Сабақтың қорытындысы/ Мәдениет және өнер

Рефлексия/

1. сабақта үйренгендерін бекіту, қолдану жолдарын беру
2. жаңадан үйренгенін пайдалана отырып, білімін жүйелеу
3. жауап шешімі осыған байланысты жұмыстар беру арқылы түсінік деңгейін тексеру

Бағалау/ Тапсырманы орындау қорытындысы бойынша білім алушыларды бағалау

Үй тапсырмасы/ Мәдениет және өнер

Ш.Өмірбекова. «Мәдинеттану негіздері» Алматы 2003ж. 21-25 б

Дир.ҒӘЖЖ орынбасары _____ Мамбетов М.Б.

Оқытушы: _____ Ибраемжанова К.А.

Сабақтың технологиялық картасы

Пән/ Мәдениеттану

Мерзімі/ _____ Топ/ _____

Сабақтың №/ 3

Тақырыбы/ Архаикалық мәдениет. Миф-мәдениеттің бір түрі

Сабақтың мақсаты/

білімдік/ білім алушыларға алғашқы діндер туралы айта отырып білгендерін толықтыру
дамытушылық/ білім алушылардың жан-жақты ойлауын, сөйлеу қабілетін, түйсігін, дүниетанымын дамыту, пәнге деген қызығушылығын арттыру

тәрбиелік/ білім алушыларды отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа, туған жеріне, ата-мекеніне деген сүйіспеншіліктерін арттыруға дұрыс бағыт-бағдар беру, патриоттық рухта тәрбиелеу

Сабақтың типі/ аралас сабақ

Сабақтың қамтамасыздандырылуы/

а) оқу-көрнекілік құралдар/ оқулықтар

б) үлестірмелі материалдар/ карточкалар

в) ТОҚ /

Пәнаралық байланыс/ Тарих, Саясаттану, Философия

Өз бетінше жұмыс/ сөзжұмбақ құрау

Сабақтың өту барысы/

Ұымдасытру кезеңі/ Сәлемдесу, білім алушыларды түгелдеу, олардың назарын сабаққа аудару

Білім алушылардың біліктілігі мен дағдысын тексеру

1. Мәдениеттің қоғамдағы алатын орны?
2. Оның негізгі бағыттары қандай?
3. Мәдениет пен өнердің айырмашылығы?

Жаңа тақырыптың мазмұны мен жүйесі

(Конспект)

Архаикалық мәдениет — адамзат мәдениетінің бастамасы. Архаикалық мәдениет қашан және қай жерде пайда болды? Бұл сұрақтарға нақты жауап беру оңайлыққа соқпайды, өйткені адамның қалыптасу процесінің тарихы тереңде, сонау көне заманда жатыр. Ақиқатқа жүгінсек, қазіргі антропология ғылымының өзі де адамзат баласының қалыптасып, дамуына байланысты туындайтын көкейтесті мәселелерге егжей-тегжейлі жауап бере алмайды. Алғашқы қауымдық құрылыс адам баласының өсіп дамуындағы, адамдық жолға түсе бастауының ең алғашқы кезеңі болды және оның жүздеген мыңжылдықтарға созылғаны ақиқат. Оған басты дәлел ретінде адамдардың ең алғашқы еңбек құралдарының пайда болғанына 2,5 миллион жылға жуық уақыт өткендігін айтсақ та жеткілікті.

Архаикалық греция

Дүние жүзінде жүргізіліп жатқан археологиялық жұмыстардың нәтижесінде алғашқы адамдардың қоныстары ашылып, олардың тастан жасалған құрал-саймандары көптеп табылуда. Олай болса, археология ғылымының ғылыми зерттеулерінің дәл осы тас құралдардан басталуы да тегіннен-тегін емес сияқты. Ғалымдардың пікірінше, алғашқы қауымдық құрылыс үш дәуірге бөлінеді. Олар: тас дәуірі, қола дәуірі және темір дәуірі. Тас дәуірінің өзі дүниежүзілік ғылымда бірнеше кезеңдерге бөлінеді. Көне тас дәуірі (палеолит) «Палеолит» термині гректің «палайос» — көне, «литое» — тас деген сөздерінен алынған, орта тас дәуірі (мезолит), жаңа тас дәуірі (неолит). Археология

ғылымы саласындағы мұндай ғылыми тұжырым XIX ғасырда қалыптасқан. Тас дәуірі бұдан 2,5—2,6 миллион жылдай бұрын басталып, біздің заманымаздан бұрынғы екі мыңыншы жылдықтың басына дейін созылған.

Жаңа материалды бекіту, біліктілік пен дағдыны қалыптастыр

1. Алғашқы қауым мәдениеті
2. Миф-дегеніміз не?
3. Алғашқы діндер

Сабақтың қорытындысы/ Архаикалық мәдениет. Миф-мәдениеттің бір түрі

Рефлексия/

1. сабақта үйренгендерін бекіту, қолдану жолдарын беру
2. жаңадан үйренгенін пайдалана отырып, білімін жүйелеу
3. жауап шешімі осыған байланысты жұмыстар беру арқылы түсінік деңгейін тексеру

Бағалау/ Тапсырманы орындау қорытындысы бойынша білім алушыларды бағалау

Үй тапсырмасы/ Архаикалық мәдениет. Миф-мәдениеттің бір түрі

Т.Ғабитов. «Мәдениеттану» Алматы 2007ж. 23-29 б

Дир.ҒӘЖЖ орынбасары _____ Мамбетов М.Б.

Оқытушы: _____ Ибраемжанова К.А.

Сабақтың технологиялық картасы

Пән/ Мәдениеттану

Мерзімі/ _____ Топ/ _____

Сабақтың №/ 4

Тақырыбы/ Ежелгі Шығыс мәдениеті

Сабақтың мақсаты/

білімдік/ білім алушыларға Шығыс мәдениетінің қалыптасуы мен ерекшелігі туралы айта отырып білгендерін толықтыру

дамытушылық/ білім алушылардың бойына жауапкершілік принципін қалыптастыру

тәрбиелік/ білім алушыларды өз ойын ашық айтуына, саяси өмірге белсене араласуына ықпал ете отырып, патриоттыққа тәрбиелеу

Сабақтың типі/ аралас сабақ

Сабақтың қамтамасыздандырылуы/

а) оқу-көрнекілік құралдар/ оқулықтар

б) үлестірмелі материалдар/ карточкалар

в) ТОҚ /

Пәнаралық байланыс/ Тарих, Саясаттану, Философия

Өз бетінше жұмыс/ ребус құрастыру

Сабақтың өту барысы/

Ұйымдасу кезеңі/ Сәлемдесу, білім алушыларды түгелдеу, олардың назарын сабаққа аудару

Білім алушылардың біліктілігі мен дағдысын тексеру

- 1.Мәдениеттің қоғамдағы алатын орны?
- 2.Оның негізгі бағыттары қандай?
- 3.Мәдениет пен өнердің айырмашылығы?

Жаңа тақырыптың мазмұны мен жүйесі

(Конспект)

Ежелгі Шығыс адамды ертедегі дүние аясынан алып шыққан ұлы мәдениеттер отаны болды. Ертедегі дүниеден шыға отырып, Шығыс адамның дүниеге қатынасының мифологиялық тәсілін жеңе алмады. Бірақ ежелгі шығыс мәдениеттерінің әлемі – бұл табиғат апаттарының ғана емес, озбыр мемлекет қуатының құдайдай көрінуі. Ежелгі шығыс мәдениетінің негізі адамның дербестігі мен еркіндігін мойындамайтын абсолютті бірлік идеалы болып табылады. Мемлекеттің бұл типі қатаң біріктіру қажеттілігінен туды, ол нақты табиғат жағдайларына жауап болды. Осы мемлекет – шығыс озбырлығы зор төрешілдік аппаратпен басқарылады, оның бірлігі қол астына қарайтын адамдардың өмірі мен өліміне абсолютті билік етуге ие билеушімен бейнеленеді. Мемлекеттің мұндай типі Ежелгі Шығыс елдері Египет, Месопотамия, Үнді, Қытайға тән.

Ежелгі Египет- әлемдік өркениеттің дамуына үлкен әсер еткен ежелгі мәдениеттердің бірі. Б.з. дейінгі 3000 жылы перғауын патшалар басқаратын ерте құл иеленуші, орталықтандырылған озбыр формадағы мемлекет пайда болды. Египеттің жоғарғы билігін құрған негізгі принциптер оның мызғымастығы мен ақылға сыйымсыздығы болды.

Ежелгі египеттіктер мәдениетінің маңызды қасиеті мәңгілікке ұмтылу болды, оның белгісі «өлген адамға табыну» сенімінің болуы, оған сәйкес өлім өмірдің аяқталғандығын білдірмейді және мәңгілік өмірлік күш – «ка» ұзарады, және де тек жерлеу жорасын толық сақтаған жағдайда. Өлген адамның денесін сақтау қамы мумиялар жасау өнеріне әкелді. Өлген адамдардың денелері бальзамдалып, пирамидаларға салынды. Пирамидалардың ішіндегі ең ескісі 5 мың жыл бұрын салынған Джосер перғауынның пирамидасы, ол

аспанға көтеріліп бара жатқан саты тәрізді салынған. Алайда ең белгілісі және өлшемі бойынша едәуірі – Хеопс пирамидасы.

Діни табынуда перғауынды құдай деп тану басты орын алды. Ол күн құдайы Ра тәрізді болды. Осирис - өлім құдайы және жерасты әлемінің патшасы. Исида – Осирисің әйелі және қарындасы, құнарлылық пен аналар қамқоршысы. Маат – шындық пен тәртіптілік құдайы. Кейбір жануарлар, өсімдіктер, заттар құдайлар болып саналды. Аменхотеп IV перғауын (Эхнатон) (б.з. дейінгі 1419-1400 ж.ж.) Атон құдайының атымен бір құдай ғана қалдыруды ойлады, бірақ бұған абыздар мен ақсүйектер қарсы тұрды.

Египет мәдениетінің маңызды құрама бөлігі иероглифтер – суретті символдық хат болды, онымен храмдар мен сарайлар алдындағы жоғары ескерткіш тастарды жазды, олар кейіннен буын жүйеліге айналды.

Жаңа материалды бекіту, біліктілік пен дағдыны қалыптастыру

1. Египет мәдениетінің құндылықтарын ата.
2. Конфуций, Дао ілімінің алатын орны қандай?
3. Үнді халқының қандай әдет-ғұрыптары туралы білесің?

Сабақтың қорытындысы/ Ежелгі Шығыс мәдениеті

Рефлексия/

1. сабақта үйренгендерін бекіту, қолдану жолдарын беру
2. жаңадан үйренгенін пайдалана отырып, білімін жүйелеу
3. жауап шешімі осыған байланысты жұмыстар беру арқылы түсінік деңгейін тексеру

Бағалау/ Тапсырманы орындау қорытындысы бойынша білім алушыларды бағалау

Үй тапсырмасы/ Ежелгі Шығыс мәдениеті

Ш.Өмірбекова. «Мәдинеттану негіздері» Алматы 2003ж. 21-25 б

Дир.ҒӘЖЖ орынбасары _____ Мамбетов М.Б.

Оқытушы: _____ Ибраемжанова К.А.

Сабақтың технологиялық картасы

Пән/ Мәдениеттану

Мерзімі/ _____ Топ/ _____

Сабақтың №/ 5

Тақырыбы/ Антикалық мәдениет

Сабақтың мақсаты/

білімдік/ білім алушыларға Грек мәдениетінің мәні туралы айта отырып білгендерін толықтыру

дамытушылық/ білім алушылардың жан-жақты ойлауын, сөйлеу қабілетін, түйсігін, дүниетанымын дамыту, пәнге деген қызығушылығын арттыру

тәрбиелік/ білім алушыларды отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа, туған жеріне, ата-мекеніне деген сүйіспеншіліктерін арттыруға дұрыс бағыт-бағдар беру, патриоттық рухта тәрбиелеу

Сабақтың типі/ білім мен дағдыны бақылау және түзету сабақтары

Сабақтың қамтамасыздандырылуы/

а) оқу-көрнекілік құралдар/ оқулықтар, суреттер

б) үлестірмелі материалдар/ карточкалар

в) ТОҚ /

Пәнаралық байланыс/ Тарих, Саясаттану, Философия

Өз бетінше жұмыс/ кесте құрастыру

Сабақтың өту барысы/

Ұйымдасытру кезеңі/ Сәлемдесу, білім алушыларды түгелдеу, олардың назарын сабаққа аудару

Білім алушылардың біліктілігі мен дағдысын тексеру

1. Египет мәдениетінің құндылықтарын ата.
2. Конфуций, Дао ілімінің алатын орны қандай?
3. Үнді халқының қандай әдет-ғұрыптары туралы білесің?

Жаңа тақырыптың мазмұны мен жүйесі

(Конспект)

Антикалық мәдениет (лат. antiquus ежелгі) Ежелгі Грек және Рим мәдениеттерінің б.з.д. XII - I ғғ. қамтитын дәстүрлерінің, құндылықтарының, идеяларының, өнерінің, мұраттарының тұтас жүйесі. Антикалық мәдениет адамзат өркениеттілігінің ең басты ошақтарының бірі деп есептеледі. Ол еуропалық мәдениеттің архетипіне жатады. Зерттеушілер Антикалық мәдениеттің архаикалық, классикалық, эллинистік және римдік кезеңдерін атап өтеді. Антикалық мәдениеттің ақыры - 476 жыл. Батыс Рим империясының құлауы. Антикалық мәдениетте қазіргі білімнің, философияның, әдебиеттің, құқықтың, жалпы кітап мәдениетінің іргетасы қаланады. Антикалық мәдениет архаикалық I рекиядан бастау алады. Бұл кезеңді кейде гомерлік мәдениет деп те атайды. Осы кезеңде өзінің рәміздік, тылсымдық мәңгілігімен әлі күнге дейін адамзаттың рухани азығы болып келген танғажайып грек мифологиясы қалыптасты. Антиктік дүниетанымға Ғарышпен үйлесімдік тән. Кіші Ғарыш ретіндегі адам үлкен Ғарыштың нұсқасы болып табылады. Антикалық мәдениет өрістеген уақыт — классикалық грек мәдениеті. Әлеуметтік орта — полисті жеке азат тұлғамен үйлесімді байланыстыра білген антикалық адам өз болмысына мәдениеттілік өлшемдерін енгізе бастады. Мәдениетті адам, ежелгі грек түсінігі бойынша, өз бойына білімділікті, әсем ізгілікті, тән сұлулығын және жоғары сұхбаттық қасиеттерді қондыра білген. Грек философиясында кейінгі барлық басты философиялық мәселелер талқыланған. Егер

Сократқа дейінгі философияда натурфилософиялық сарындар басым болса, Сократ, Платон, Аристотель адамға қарай бетбұрыс жасады.

«Антика» ұғымы Қайта өрлеу заманында пайда болды, бұл терминді итальяндықтар греко-рим мәдениетін анықтау үшін енгізді (латынның ежелгі деген сөзінен). Антика мәдениеті Европа мәдениетінің дамуында шығар нүкте болды. Ежелгі Греция адамды табиғаттың көркем де жетіліп жаратылған жаны, барлық заттар өлшемі ретінде ашты. Антика мәдениеті үшін дүниені тануда ұтымды (теориялық) тәсіл, эмоционалдық-эстетикалық қабылдау, әлеуметтік-практикалық және теориялық проблемаларды шешуде үйлесімді логика мен өзіндік дербестігі тән. Ежелгі грек мәдениетіне тән келесі белгілерді атап көрсетуге болады: ол ең алдымен космологиялы. Космос оның абсолюті болады. Космос грекше бұл ғалам әлемі ғана емес, бей-берекеттікке қарсы тұратын әлемдік тұтастық, әдемілік. Сұлулық, өлшем, үйлесім. Антика адамы барлық осы қасиеттермен адам арасындағы ара қатынасты белгілейді және грек мәдениетінің космологизмі антропоцентризмді болжайды. Ежелгі гректердің құдайлары антропоморфты, ал адамның денесі грек мәдениетінің барлық пішіндерінің өлшемі болады. Гректер риторикада шешендердің ең тамаша сөздерін атлеттердің әсем денелерімен салыстырған, ал сәулет өнеріндегі математикалық есептеулер адам денесінің пропорцияларымен ара қатынаста болған.

Жаңа материалды бекіту, біліктілік пен дағдыны қалыптастыру

1. Грек мәдениетінде мүсіндеу мен сәулет өнері қалай дамыды?
2. Рим мәдениетінің жаңашылдығы туралы
3. Римдік шешендік өнердің дамуы

Сабақтың қорытындысы/ Ежелгі Шығыс мәдениеті

Рефлексия/

1. сабақта үйренгендерін бекіту, қолдану жолдарын беру
2. жаңадан үйренгенін пайдалана отырып, білімін жүйелеу
3. жауап шешімі осыған байланысты жұмыстар беру арқылы түсінік деңгейін тексеру

Бағалау/ Тапсырманы орындау қорытындысы бойынша білім алушыларды бағалау

Үй тапсырмасы/ Ежелгі Шығыс мәдениеті

Т.Ғабитов. «Мәдениеттану» Алматы 2007ж. 215-229 б

Дир.ҒӘЖЖ орынбасары _____ Мамбетов М.Б.

Оқытушы: _____ Ибраемжанова К.А.

Сабақтың технологиялық картасы

Пән/ Мәдениеттану

Мерзімі/ _____ Топ/ _____

Сабақтың №/ 6

Тақырыбы/ Ортағасырлық араб-парсы мәдениеті

Сабақтың мақсаты/

білімдік/ білім алушыларға Ортағасырлық араб-парсы мәдениеті туралы айта отырып білгендерін толықтыру

дамытушылық/ білім алушыларға білім аясын кеңейту, әр білім алушыларға жеке тапсырма бере отырып, интеллектуалдық қабілетін дамыту

тәрбиелік/ білім алушыларға рухани-материалдық, адамгершілік, ақыл-ой, ұлтжандылық тәрбиесін беру

Сабақтың типі/ аралас сабақ

Сабақтың қамтамасыздандырылуы/

а) оқу-көрнекілік құралдар/ оқулықтар

б) үлестірмелі материалдар/ карточкалар

в) ТОҚ / проектор

Пәнаралық байланыс/ Тарих, Саясаттану, Философия

Өз бетінше жұмыс/ сөзжұмбақ құрастыру

Сабақтың өту барысы/

Ұйымдасу кезеңі/ Сәлемдесу, білім алушыларды түгелдеу, олардың назарын сабаққа аудару

Білім алушылардың біліктілігі мен дағдысын тексеру

1. Грек мәдениетінде мүсіндеу мен сәулет өнері қалай дамыды?
2. Рим мәдениетінің жаңашылдығы туралы
3. Римдік шешендік өнердің дамуы

Жаңа тақырыптың мазмұны мен жүйесі

(Конспект)

Араб өркениеті— ислам дінін ұстанып, араб тілін ғылыми және әдеби тілге айналдырған араб және басқа да халықтар өркениеті. Ғылымда «араб мәдениеті» деген атпен белгілі. Орта ғасырларда Таяу және Орта Шығыста, Солтүстік Африка мен Оңтүстік-Батыс Еуропада өркен жайған. Ғылымды дамытуға және оны басқа елдерге таратуға тікелей әсер еткен араб өркениеті Батыс, Оңтүстік және Солтүстік Арабияда туып, қалыптасты. Бұрын сабей тілінде сөйлейтін Оңтүстік Арабия халқының көне мәдениеті, өзіндік жазуы болған. Сирия, Ливан, Палестина, Ирак елдеріндегі арамей халықтарының мәдениеті сияқты сабей мәдениеті де араб өркениетінің дамуына негіз болды. 4 ғасыр шамасында пайда болған араб жазуы, арамей жазуының дамытылған түрі еді. Шапқыншылық соғыстар нәтижесінде ұлан байтақ империяға – халифатқа айналған Арабиядағы қатынас құралы осы жаңа жазуы бар араб тілі болды. Исламды енгізген Мұхаммед пайғамбардың уағызы бойынша барша қауым осы жаңа дінді мойындай отырып ілгері дамуға, жаңа аймақтарға осы бағыттың артықшылығын түсіндіруге, уағыздауға тиіс болды. Халифат құрамына Шығыс, Солтүстік Африка, Ирак, Ауғанстан, Пиреней түбегінің басым бөлігі, Кавказдың оңтүстігі мен Солтүстік-Батыс Үндістан кірді. Осы жерлердегі халықтардың мәдениетімен қоса көне грек, эллин, рим, үнді мәдениетінің жетістіктерін бойына сіңірген, анағұрлым озық мәдениет жасалды. Оған парсылар, сириялықтар, Орта Азия мен Кавказ халықтары зор үлес қосты. Осылайша қалыптасқан араб мәдениеті Батыс Еуропа халықтарына және дүниежүзілік мәдениетіне игі әсер етіп, оған орасан зор үлес қосты. Арабтардың астрономия саласындағы еңбектері Еуропа астрономиясының негізін қалады. Осы күнге дейін көптеген жұлдыздардың аттары,

ғылыми, мәдени терминдер араб тіліндегі атауын сақтап қалған. Араб өркениетінің негізі де, қайнар бастауы да араб философиясы болды. 827 ж. араб ғалымдары меридиан шеңберін өлшеп, жердің көлемін анықтады. Негізін үндіден алып, санаудың ондық жүйесін, оның сәйкесті цифрлары мен нөлді пайдаланудың жолын тапты. Тригонометриялық функцияны (әл-Баттани, 858 – 929) енгізді. 1- және 2-дәрежелі алгебралық теңдеуді шығарудың бірнеше жолын тауып, бүкіл математиканың дамуына жол ашты. Медицина ғылымына, оның ішінде офтальмология саласына айрықша үлес қосты. Соның нәтижесінде геометриялық оптика үлкен жетістіктерге жетті. Медицинаның, онымен тікелей байланысты фармакологияға қажетті химияның дамуына жағдай жасады. Алхимия кең тарады. Қатты денені буға, буды қатты денеге айналдыру, кристалдандыру, сүзу тәсілдері де арабтардан бастау алады. Шығыста пайда болған компас, қағаз, оқ-дәрі, т.б. арабтар арқылы Еуропаға тарады. Осы сан салалы ғылым Орта Азияның ұлы ғалымдары Әбу Әли ибн Сина мен Әбу Райхан Бирунидің араб тіліндегі еңбектерінде одан әрі дамытылды және басқа елдерге танылды.

Жаңа материалды бекіту, біліктілік пен дағдыны қалыптастыру

Тақырып бойынша бекіту сұрақтарын қойып, білім алушылардың қаншалықты түсінгендерін тексеру.

Сабақтың қорытындысы/ Ортағасырлық араб-парсы мәдениеті

Рефлексия/

1. сабақта үйренгендерін бекіту, қолдану жолдарын беру
2. жаңадан үйренгенін пайдалана отырып, білімін жүйелеу
3. жауап шешімі осыған байланысты жұмыстар беру арқылы түсінік деңгейін тексеру

Бағалау/ Тапсырманы орындау қорытындысы бойынша білім алушыларды бағалау

Үй тапсырмасы/ Ортағасырлық араб-парсы мәдениеті

Ш.Өмірбекова. «Мәдинеттану негіздері» Алматы 2003ж. 130-143 б

Дир.ҒӘЖЖ орынбасары _____ Мамбетов М.Б.

Оқытушы: _____ Ибраемжанова К.А.

Сабақтың технологиялық картасы

Пән/ Мәдениеттану

Мерзімі/ _____ Топ/ _____

Сабақтың №/ 7

Тақырыбы/ Еуропалық Қайта өрлеу

Сабақтың мақсаты/

білімдік/ білім алушыларға Еуропалық Қайта өрлеу туралы айта отырып білгендерін толықтыру

дамытушылық/ білім алушыларға білім аясын кеңейту, әр білім алушыларға жеке тапсырма бере отырып, интеллектуалдық қабілетін дамыту

тәрбиелік/ білім алушыларға рухани-материалдық, адамгершілік, ақыл-ой, ұлтжандылық тәрбиесін беру

Сабақтың типі/ жалпылау және жүйелеу сабақтары

Сабақтың қамтамасыздандырылуы/

а) оқу-көрнекілік құралдар/ оқулықтар

б) үлестірмелі материалдар/ карточкалар

в) ТОҚ /

Пәнаралық байланыс/ Тарих, Саясаттану, Философия

Өз бетінше жұмыс/ мәтінмен өзіндік жұмыс

Сабақтың өту барысы/

Ұйымдасу кезеңі/ Сәлемдесу, білім алушыларды түгелдеу, олардың назарын сабаққа аудару

Білім алушылардың біліктілігі мен дағдысын тексеру

1. Исламды қабылдаушы елдерді ата.
2. Парсы елінің мәдениетінің жауһарлары кімдер?
3. Араб-парсы мәдениетінің ерекшелігі

Жаңа тақырыптың мазмұны мен жүйесі

(Конспект)

Италия - қайта өркендеу орталығы

XIV ғасырдың екінші жартысынан ортағасырлық Батыс Еуропаның мәдени өмірінде жаңа ерте буржуазиялық мәдениеттің тууына байланысты маңызды бетбұрыс болды. Капиталистік қатынастар Италияда басқа елдерге қарағанда бұрын туып, дами бастағандықтан, «Қайта өркендеу» деп аталған ертебуржуазиялық мәдениет те тұңғыш осы елде қалыптаса бастады. XV ғасырдың аяғында және XVI ғасырда қайта өркендеу мәдениеті толық гүлдену деңгейіне жетті. Сол дәуірде дүниеге келген тамаша мәдениет туындылары адамзат баласын әлі күнге дейін таңғалдырып келеді. Италияда бұл кезеңде мәдениеттің барлық түрі өте тез дамыды. Италияның түрлі аудандарында жергілікті көркемсурет мектептері ашылып, қайта өркендеу дәуірінің перзенттері - кейінгілерге үлгі болған ұлы суретшілер дүниеге келді. Мәдениеттің қоғамдық өмірдегі рөлі артып, адамдардың күнделікті рухани қажетіне айнала бастады. Зәулім үйлер мен салтанатты сарайлар салынып, ірі монумент ескерткіштер орнату бүкіл халықтық игілікті іске айналды. Италиядағы басты мәдениет орталықтарының бірі - Флоренция қаласы. Ол Римнен Альпіге баратын сауда жолының үстіне орналасты. Қалада қолөнер кәсібі мен сауда өте жақсы дамыды. Кеме жасау және су қатынасы ісі де алға басты. Мекен ендігін анықтау үшін құбылнамаларды, географиялық карталарды, приборларды қолдану ашық теңіздерде ұзақ сапарларға шығуға мүмкіндік берді. Бұл XV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырдың басында жүзеге асқан географиялық жаңалықтардың ашылуына жол салды.

Сағат жасау ісі жетіле түсті. Италия қалаларында мұнара сағаттары пайда болды. Сауданың дамуына байланысты, көпестер мен банкирлердің кеңселері, ірі шеберхана

үйлері көптеп салынды. Әсіресе банкирлер байыды, олардан папалар мен корольдің өзі де қарызға ақша алып тұрды. Қала байлары мен ірі өндіріс иелері, папалар мен корольдер сән-салтанатты, әшекейленген әдемі үйлерде тұрды. Олар ата-бабаларының және өздерінің суреттерін салдырып, оны «мәңгілікке» қалдырғысы келді. Қала билеушілері суретшілерді қолдап, оларға тапсырыстар берді. Флоренция бүкіл Италияның мәдени орталығына айналды. Осы Флоренцияда итальян ақыны, өз заманының ірі суреткері Данте (1265-1321) өмір сүрді. Ол өзінің атақты «Құдіретті комедиясын» жазды. Бұл қалада көптеген мүсіншілер өздерінің ғажайып туындыларымен мүсін өнерін жаңа сатыға көтерді. Уақытына қарай алғанда итальян қайта өркендеу дәуірінің алғашқы суретшісі Дантенің кіші замандасы Джотто ди Бондоне (1266 немесе 1267-1337) болды. Ол өз картиналарында адамдарды өздерінің қуаныш-қайғысымен, олардың кейпін, қимылын, бет-ажарын шебер де табиғи түрде, шынайылықпен бейне леп берді. Ертедегі итальян қайта өркендеу дәуірінің мүсіншісі Донателлоның (1386-1466) еңбектері күш-жігерге, құштарлық пен шынайылыққа толы болды.

Жаңа материалды бекіту, біліктілік пен дағдыны қалыптастыру

1. Қайта өрлеу мәдениетінің кезеңдерін ата.
2. Ренессанс қандай ұғымды білдіреді?
3. Ағартушылық қалай дамыды?
4. Мәдениет қанша кезеңге бөлінеді?

Сабақтың қорытындысы/ Еуропалық Қайта өрлеу

Рефлексия/

1. сабақта үйренгендерін бекіту, қолдану жолдарын беру
2. жаңадан үйренгенін пайдалана отырып, білімін жүйелеу
3. жауап шешімі осыған байланысты жұмыстар беру арқылы түсінік деңгейін тексеру

Бағалау/ Тапсырманы орындау қорытындысы бойынша білім алушыларды бағалау

Үй тапсырмасы/ Еуропалық Қайта өрлеу

В.Тимошинов. «Мәдинеттану» Алматы 2008 ж. 35-39 б

Дир.ҒӘЖЖ орынбасары _____Мамбетов М.Б.

Оқытушы: _____Ибраемжанова К.А.

Сабақтың технологиялық картасы

Пән/ Мәдениеттану

Мерзімі/ _____ Топ/ _____

Сабақтың №/ 8

Тақырыбы/ Жаңа заман кезеңіндегі мәдениет

Сабақтың мақсаты/

білімдік/ білім алушыларға жаңа дәуір мәдениетіндегі ғылым мен техниканың маңыздылығы туралы айта отырып білгендерін толықтыру

дамытушылық/ білім алушылардың жан-жақты ойлауын, сөйлеу қабілетін, түйсігін, дүниетанымын дамыту, пәнге деген қызығушылығын арттыру

тәрбиелік/ білім алушыларды отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа, туған жеріне, ата-мекеніне деген сүйіспеншіліктерін арттыруға дұрыс бағыт-бағдар беру, патриоттық рухта тәрбиелеу

Сабақтың типі/ аралас сабақ

Сабақтың қамтамасыздандырылуы/

а) оқу-көрнекілік құралдар/ оқулықтар

б) үлестірмелі материалдар/

в) ТОҚ / проектор

Пәнаралық байланыс/ Тарих, Саясаттану, Философия

Өз бетінше жұмыс/ мәтінмен өзіндік жұмыс

Сабақтың өту барысы/

Ұйымдасыту кезеңі/ Сәлемдесу, білім алушыларды түгелдеу, олардың назарын сабаққа аудару

Білім алушылардың біліктілігі мен дағдысын тексеру

1. Қайта өрлеу мәдениетінің кезеңдерін ата.
2. Ренессанс қандай ұғымды білдіреді?
3. Ағартушылық қалай дамыды?

Жаңа тақырыптың мазмұны мен жүйесі

(Конспект)

Жаңа заман еуропалық мәдениеті Еуропа үшін жаңа заман (XVII—XIX ғасырлар) мәдениеттің дамуындағы маңызды тарихи кезең болып саналады. Бұл дәуірдің әр ғасыры тарихи уақиғаларға, мәдени төңкерістерге толы. Жаңа заман — өнеркәсіптік өркениеттің қарыштап алға басып, қоғамның барлық салаларында түбегейлі өзгерістердің белең алғандарға байланысты жаңа сипатқа, жаңа мазмұнға ие болды. Ғылымның дамуына еркіндіктің берілуі қоғамдық сананы жаңа сатыға көтерді. Қоғамдық өмірдің барлық салаларында жетекші орынға ие бола бастаған ғылым — адамдардың нәсіліне, ұлтына, табына қарамастан халықтың рухани дүниесін байытуда айтарлықтай рөл атқарды. Мемлекет тарапынан жасалынған үлкен қамқорлықтың арқасында XVII ғасыр ғылыми революцияның даму қарқыны өте жоғары болды. Ғылыми революция математика және механика саласында басталды да, басқа ғылым салаларындағы ғылыми жаңалықтармен жалғасты.

XVII ғасыр ғылыми революция — адамзат баласының өзін қоршаған дүниені танып-білуге деген құлшынысының жемісі болды. Ғылымның қарышты қадаммен алға басуы және оның қоғамдық өмірдің барлық саласына біртіндеп кіре бастауы рационализмнің қалыптасу процесін аяқтауға мүмкіндік берді. Рационализм жаңа заман адамының өмірі мен бет-бейнесін жан-жақты айқындай отырып, халық санасынан еркін орын алды. **Рационализм** қоғамдағы орын алған тарихи жағдайларды ескере отырып, христиан дінінің католиктік тармағымен, оның дүниені құдайдың жаратқандығы туралы ілімімен де санасып отырды. Олай болса, жаңа еуропалық сана мен буржуазиялық

мәдениет таза атеистік сипатта болмағандығын аңғарамыз. Христиан діні мен шіркеулер Реформацияға (XVI ғасыр) дейін де, Реформациядан кейін де өз беделін жойған жоқ, қайта олардың қоғамдық, саяси және рухани өмірдегі рөлі бұрынғыдан артпаса, мүлде кеміген жоқ, қайта христиан діні өз өрісін бұрынғыдан да кеңейтіп азаматтық, мемлекеттік өмір салаларына кеңінен араласты. XVII ғасырда Еуропа — жаңа өмір жолына түскен жас Еуропа болатын. Бұл жол — өткен ғасырлардың бай тәжірибесін ой елегінен өткізіп сарапқа салу жолы болды. Бұл тарихи жолда орта ғасырлар кезеңіндегі мәдени құндылықтарды ғана емес, жалпы адамзат баласының сонау көне заманнан бергі жинақтаған рухани байлығын игерумен қатар, сол бір баға жетпес мәдени дәстүрлерді жаңа заман талабына сай қайта жаңғырту сияқты игі мақсаттар жүзеге асырылды. Көне заман мен жаңа заманның арасында қаншама уақыт өтсе де олардың өзара сабақтастығы өмірлік сипат алды. Ойымыз дәлелді болу үшін, ғылым саласындағы әр заман өкілдерінің бізді қоршаған дүние жайындағы ой-толғамдарын қарастырып көрейікші. Шындығында да, жаңа заманның философы, әрі математигі Лейбниц (1646—1710 жылдары) пен көне дәуірдің философы, әрі математигі Пифагордың (б.з.б. VI ғасырлар) дүниеге қатысты ғылыми көзқарастарының бірдей болып шығуын қалай түсіндіруге болады?

Жаңа материалды бекіту, біліктілік пен дағдыны қалыптастыру

1. Жаңа заман кезеңіндегі мәдениет қай ғасырда дамыды?
2. Жаңа дәуір мәдениетіндегі ғылымның маңызы?
3. Өнердің өркендеуі қалай шарықтады?

Сабақтың қорытындысы/ Еуропалық Қайта өрлеу

Рефлексия/

1. сабақта үйренгендерін бекіту, қолдану жолдарын беру
2. жаңадан үйренгенін пайдалана отырып, білімін жүйелеу
3. жауап шешімі осыған байланысты жұмыстар беру арқылы түсінік деңгейін тексеру

Бағалау/ Тапсырманы орындау қорытындысы бойынша білім алушыларды бағалау

Үй тапсырмасы/ Еуропалық Қайта өрлеу

Т.Ғабитов. «Мәдениеттану» Алматы 2007ж. 215-229 б

Дир.ҒӘЖЖ орынбасары _____ Мамбетов М.Б.

Оқытушы: _____ Ибраемжанова К.А.

Сабақтың технологиялық картасы

Пән/ Мәдениеттану

Мерзімі/ _____ Топ/ _____

Сабақтың №/ 9

Тақырыбы/ Ресей мәдениетінің дамуы

Сабақтың мақсаты/

білімдік/ ежелгі Русь мәдениеті туралы айта отырып білім алушылар білгендерін толықтыру

дамытушылық/ білім алушылардың жан-жақты ойлауын, сөйлеу қабілетін, түйсігін, дүниетанымын дамыту, пәнге деген қызығушылығын арттыру

тәрбиелік/ білім алушыларды отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа, туған жеріне, ата-мекеніне деген сүйіспеншіліктерін арттыруға дұрыс бағыт-бағдар беру, патриоттық рухта тәрбиелеу

Сабақтың типі/ жалпылау және жүйелеу сабақтары

Сабақтың қамтамасыздандырылуы/

а) оқу-көрнекілік құралдар/ оқулықтар

б) үлестірмелі материалдар/ карточка

в) ТОҚ /

Пәнаралық байланыс/ Тарих, Саясаттану, Философия

Өз бетінше жұмыс/ мәтінмен өзіндік жұмыс

Сабақтың өту барысы/

Ұйымдасытру кезеңі/ Сәлемдесу, білім алушыларды түгелдеу, олардың назарын сабаққа аудару

Білім алушылардың біліктілігі мен дағдысын тексеру

1. Жаңа заман кезеңіндегі мәдениет қай ғасырда дамыды?
2. Жаңа дәуір мәдениетіндегі ғылымның маңызы?
3. Өнердің өркендеуі қалай шарықтады?

Жаңа тақырыптың мазмұны мен жүйесі

(Конспект)

Ресей мәдениеті — адамзат баласына баға жетпес мол мәдени мұралар қалдырған дүниежүзілік мәдениеттің ажырамас бөлігі. Ресей мәдениеті — өзіндік ерекшеліктері бар қайталанбайтын мәдениет, ендеше оның әлемдік мәдениет қазынысына қосқан үлесіне де баға жетпейді. Орыс мәдениетінің қалыптасу ерекшеліктері негізінен төмендегі факторларға тығыз байланысты болды. Олар: көптеген этикалық топтар мен халықтар мекендеген орасан зор территорияны игеру; христиан дінінің ерекше тармағы — православиені руханилықпен дәстүрлі салт-дәстүрлерге негіздей отырып орнықтыру; уақытша болса да ұзақ уақытқа созылған батыс-еуропалық өркениеттік процестерінен оқшау дамуға байланысты туған «тұйықтыққа» бұдан әрі жол бермеу; жеке адамдардың мүддесін мемлекет мүддесіне бағындыру. Осы айтылған ойларымыз дәлелді болу үшін, орыс мәдениетінің қалыптасу кезеңдерін толығырақ қарастырып көрелік. Ақиқатына келсек, көп ғасырлық тарихы бар Ресей мәдениетінің жалпы көрінісі бұрынғыдан да айқындалып келе жатқан сияқты. Ұлттық топырақта пайда болып, өзіндік бет-бейнесімен ерекшеленсе де, мәдени өркендеудің жалпы арнасына келіп құйылатын Ресей мәдениеті, оның ішінде ұлттық бұлақтан нәр алған ежелгі Русь мәдениеті, византиялық көркем жүйемен және тағы да басқа мәдениеттермен тығыз алмасып жатады. Атап айтқанда, Ресей мәдениеті Византиямен қатар, көршілес жатқан Болгария, Сербия, Армения, Грузия сияқты елдердің мәдениетімен үндестік тапты.

Ежелгі славяндардың мәдениеті — орыс мәдениетінің қайнар бұлағы болып саналады. Оның басты мәдени құндылықтары — қасиетті жырлар, мифология, аңыз-ертегілер. Ғалымдардың пікірінше, олардың көпшілігінің тектері Христиан дінін қабылдағаннан кейін құрып кеткен. Ежелгі славяндар пұтқа табынушылықты бастан кешірген, сондықтан да болар Ресей топырағында пұтқа табынушылық мәдениетінің дамуы жоғары болды.

Жаңа материалды бекіту, біліктілік пен дағдыны қалыптастыру

1. Ежелгі Русь мәдениеті қалай дамыды?
2. Ежелгі Русь қандай дінді қабылдады?
3. Ресей мәдениетінің жаңа кезеңі қай уақытта дамыды?

Сабақтың қорытындысы/ Ресей мәдениетінің дамуы

Рефлексия/

1. сабақта үйренгендерін бекіту, қолдану жолдарын беру
2. жаңадан үйренгенін пайдалана отырып, білімін жүйелеу
3. жауап шешімі осыған байланысты жұмыстар беру арқылы түсінік деңгейін тексеру

Бағалау/ Тапсырманы орындау қорытындысы бойынша білім алушыларды бағалау

Үй тапсырмасы/ Ресей мәдениетінің дамуы

Ш.Өмірбекова. «Мәдениеттану негіздері» Алматы 2003 ж. 130-143 б

Дир.ҒӘЖЖ орынбасары _____ Мамбетов М.Б.

Оқытушы: _____ Ибраемжанова К.А.

Сабақтың технологиялық картасы

Пән/ Мәдениеттану

Мерзімі/ _____ Топ/ _____

Сабақтың №/ 10

Тақырыбы/ Қазақ жеріндегі ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер және қазақ мәдениетінің бастауы

Сабақтың мақсаты/

білімдік/ білім алушыларға Ұлы Жібек жолы бойындағы қала мәдениетінің дамуы туралы айта отырып білгендерін толықтыру

дамытушылық/ білім алушылардың өз беттерінше қорытынды жасауға, ізденіске дағдыландыру, ойлау қабілеттерін дамыту

тәрбиелік/ білім алушыларға рухани-материалдық, адамгершілік, ақыл-ой, ұлтжандылық тәрбиесін беру

Сабақтың типі/ білім мен дағдыны бақылау және түзету сабақтары

Сабақтың қамтамасыздандырылуы/

а) оқу-көрнекілік құралдар/ оқулықтар

б) үлестірмелі материалдар/ карточкалар

в) ТОҚ / проектор

Пәнаралық байланыс/ Тарих, Саясаттану, Философия

Өз бетінше жұмыс/ мәтінмен өзіндік жұмыс

Сабақтың өту барысы/

Ұйымдасытру кезеңі/ Сәлемдесу, білім алушыларды түгелдеу, олардың назарын сабаққа аудару

Білім алушылардың біліктілігі мен дағдысын тексеру

- 1.Ежелгі Русь мәдениеті қалай дамыды?
2. Ежелгі Русь қандай дінді қабылдады?
3. Ресей мәдениетінің жаңа кезеңі қай уақытта дамыды?

Жаңа тақырыптың мазмұны мен жүйесі

(Конспект)

VI-XII ғасырда Орта Азия мен Қазақстанда қалалар тез өсті. Олар сауда мен қолөнердің, дін мен мәдениеттің тірегіне айналды. Батыс Түркістан жерінде Суяб, Құлан, Мерке, Тараз, Отырар, Испиджаб сияқты қалалар бой көтерді. Олардың көтерілуі таптық қоғамның шығуының айқын көрінісі еді. Орта ғасырда Қазақстан өзінің қалалары арқылы әлемдік қарым-қатынастан тысқары қалмай, Еуропа және Азия елдерімен Жібек жолы арқылы сауда жасасып, байланысын үзген жоқ. Бұл кезде Қазақстанның оңтүстігінде басты және ірі қалалардың бірі-Испиджаб(қазіргі Сайрам) болды. Оның толық сипаттамасын Әл-Макдиси берген. «Испиджаб ірі қала,-деп жазды ол.Оның рабады(күзеті) мен тұратын мединасы бар. Онда төбесі жоқ базарлар, мата базары мен үлкен мешіт бар. Оның 4 қақпасы: Нуджакет қақпасы, Фархан қақпасы,Шахраны қақпасы, Бұқара қақпасы әр қақпаның жанында рабады бар».

VI-XII ғасырларда тікелей орталығы ретінде мәлім болған Испиджабта тауарлардың көптеген түрлері өндіріліп, осы жерден басқа жақтарға мата, қару-жарақ, мыс пен темір әкетіліп тұрды. Ағын суы мол, ағашы көп және тамаша бақшалары бар ең гүлденіп, көркейген кенттердің бірі болған Испиджаб қаласының қазылып, зерттеліп осы уақытқа дейін сыры ашылған жоқ. Бірақ оның қандай рөлі болғаны туралы жазба деректер аз емес.

Қазақстанның Сырдарияның орта бойына орналасқан ірі қалаларының бірі-Отырар. Араб-парсы деректемелерінде Отырар қаласы Фараб, одан бұрын Тарбан деп те аталған.

IX ғасырдың бас кезінде арабтар Фадл-Ибн Сахлдың басқаруымен Отырар аймағын басып алуға тырысты. Ол шекаралық әскерінің бастығын өлтірді және Қарлұқ жағбуының ұлдарын қолға түсірді деп хабарлайды деректемелер. VII-VIII ғасырларда Отырар шахристаны мұнаралары бар дуалдармен қоршалған. Бұл дуалдар қайта салынған түрінде IX-X ғасырларға дейін сақталған.

Архиология және архивтік материалдар бойынша VII-VIII ғасырларда Отырардың билеушісі өзін теңдесі жоқ «Отырарбенді патшасы» деп атаған. Қала аймағында болған бірнеше ұсақ қоныстар мен қалалардың бірі – Кедер IX-X ғасырларда оазистің астаналық орталық дәрежесіне дейін көтерілген, мұның өзі саяси жағдайдың өзгеруіне және осы ауданның оғыздарға бағынуына байланысты еді. Отырар өмірі X-XII ғасырлардан кейін де жалғасып, оның орта Сырдария өңірінің экономикасы мен мәдениетіне ықпалы күшті болған. Отырар көлемі жағынан ең өскен қала екен. Қазақстанға белгілі болған орта ғасырлық қалалардың бірі - Тараз. Ол жазба деректемелерде 568 жылдан бастап аталады. Византия императоры Юстианның елшісі Земарх Килликискийдің Батыс түрік қағанаты Дизабулға берген есебінде Тараздың да аты аталған. Шамамен 680 жылы Қытай саяхатшысы Сюань Цзан Таразды (Далассы) шеңбері 8-9 лиге жеткен маңызды сауда орталығы деп сипаттайды. VII ғасырда Тараз «Ұлы Жібек жолындағы» ірі мекенге айналды. Оны шапқыншылықтан қорғау кезінде түрік, қарлұқ, оғыз тайпалары, араб және иран жауынгерлерінің басын алып, талай рет ойранын шығарғаны жөнінде тарихи мағлұматтар бар.

Жаңа материалды бекіту, біліктілік пен дағдыны қалыптастыру

1. Ұлы Жібек жолының дамыған кезеңі.
2. Қазақстанда бой көтерген қалаларды ата?
3. Қазақ жеріндегі петроглифтер сыры туралы білетінің?

Сабақтың қорытындысы/ Қазақ жеріндегі ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер және қазақ мәдениетінің бастауы

Рефлексия/

1. сабақта үйренгендерін бекіту, қолдану жолдарын беру
2. жаңадан үйренгенін пайдалана отырып, білімін жүйелеу
3. жауап шешімі осыған байланысты жұмыстар беру арқылы түсінік деңгейін тексеру

Бағалау/ Тапсырманы орындау қорытындысы бойынша білім алушыларды бағалау

Үй тапсырмасы/ Қазақ жеріндегі ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер және қазақ мәдениетінің бастауы

А.Қанағатов. «Мәдинеттану негіздері» Алматы 2001ж. 305-310 б

Дир.ҒӘЖЖ орынбасары _____ Мамбетов М.Б.

Оқытушы: _____ Ибраемжанова К.А.

Сабақтың технологиялық картасы

Пән/ Мәдениеттану

Мерзімі/ _____ Топ/ _____

Сабақтың №/ 11

Тақырыбы/ Ортағасырдағы түркі мәдениеті

Сабақтың мақсаты/

білімдік/ білім алушылардың жан-жақты ойлауын, сөйлеу қабілетін, түйсігін, дүниетанымын дамыту, пәнге деген қызығушылығын арттыру

дамытушылық/ білім алушылардың өз беттерінше қорытынды жасауға, ізденіске дағдыландыру, ойлау қабілеттерін дамыту

тәрбиелік/ білім алушыларды отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа, туған жеріне, ата-мекеніне деген сүйіспеншіліктерін арттыруға дұрыс бағыт-бағдар беру, патриоттық рухта тәрбиелеу

Сабақтың типі/ аралас сабақ

Сабақтың қамтамасыздандырылуы/

а) оқу-көрнекілік құралдар/ оқулықтар

б) үлестірмелі материалдар/ карточкалар

в) ТОҚ / проектор

Пәнаралық байланыс/ Тарих, Саясаттану, Философия

Өз бетінше жұмыс/ топпен жұмыс

Сабақтың өту барысы/

Ұйымдасытру кезеңі/ Сәлемдесу, білім алушыларды түгелдеу, олардың назарын сабаққа аудару

Білім алушылардың біліктілігі мен дағдысын тексеру

- 1.Ежелгі Русь мәдениеті қалай дамыды?
2. Ежелгі Русь қандай дінді қабылдады?
3. Ресей мәдениетінің жаңа кезеңі қай уақытта дамыды?

Жаңа тақырыптың мазмұны мен жүйесі

(Конспект)

Көне Түркі жазуы (басқаша Орхон-Енесай жазуы) — V ғ. б.з.б. — X ғ. б.з. Орта Азия түркі тайпалары қолданған жазуы. Бірінші табылғаны Орхон өзенінің бойында (Екінші түркіт қағандығы) және Енесей өзенінің жоғарғы ағысында (қырғыз қағандығы). Кейде руник жазбасы дейді, алман руналарыныңан жанасым табып (кейбір нышандар кескіні дәл келіп тұр, дауысты мағынасы да жақын).

Жазу әдісі «Алтын ғасыр» кезіндегі (VIII ғ. б.з.) әліппеге 38 таңба және сөзбөлу нышаны кіреді. Жазу бағысы дерелей, оңнан солға. Жіңішке мен жуан дыбыстылары жазуда айырылмайды, дыбыссыздардың бір бөлшегі артынан жіңішке не жуан дыбысты келгенін сыңар нышандармен белгіленген. Сөз бөлу нышаны сөз арасына қойылады, сөйлем соңы белгіленбейді. Бас-кіші әріпке айырылмайды.

Көне Түркі жазуларының зерттелуі Сібір және Моңғолия далаларына таралған жұмбақ жазулардың бар екендігі туралы ғылыми орта ертеден-ақ білетін еді. Оларды «Руна жазулары», яғни скандинавия тілдерінен алғанда «құпия, сыры ашылмаған» таңбалар деп атайтын. Ол кезде әлем ғалымдары сондықтан, бұл жазуларды көне Угор тайпаларының (Орал халықтарының ата-бабалары) мұрасы деп есептеді. Жазуларды зерттеуге арнайы ұйымдастырылған Ресей Ғылым Академиясының экспедициясы Минусинск ойпатында іздестіру жұмыстарын жүргізіп, Д.Г. Мессершмидт және Ф.И. фон Стралленберг 1721-1722 жылдар аралығында көптеген материалдар жинақтады. Жиналған деректер ғылыми тұрғыдан екшеліп, 1729 ж. 3. Байердің "Санкт-Петербургтегі Императорлық ғылым Академиясының жазбаларында" жарық көріп, Еуропадағы барлық

Шығыстанушылардың қатты қызығу нысанына айналды. 1730 жылы Ф.И. фон Страленбергтің өзі де зерттеулерінің қорытындысын және жазулардың көшірмелерін жариялады. Оқылудың әртүрлі жолдары ұсынылғанмен, қандай да бір ақырғы қорытынды шығаруға деректер әлі аздау болатын, себебі Минусинск аймағынан табылған бұл жазулар үзік-үзік және соған сәйкес жарияланған мәліметтердегі көшірмелердің көрінісі тым қысқа-қысқа және жазулардың өзі жартылай өшіп қалған болатын.

Жаңа материалды бекіту, біліктілік пен дағдыны қалыптастыру

1. Ежелгі түрік өркениетінің ерекшелігін айт
2. Ескерткіштер туралы не білесің?
3. Ертіс, Талас жазбаларының алатын орны қандай?
4. Күлтегін, Тоныкөк, Білге қаған жыры қалай дамыды?

Сабақтың қорытындысы/ Ортағасырдағы түркі мәдениеті

Рефлексия/

1. сабақта үйренгендерін бекіту, қолдану жолдарын беру
2. жаңадан үйренгенін пайдалана отырып, білімін жүйелеу
3. жауап шешімі осыған байланысты жұмыстар беру арқылы түсінік деңгейін тексеру

Бағалау/ Тапсырманы орындау қорытындысы бойынша білім алушыларды бағалау

Үй тапсырмасы/ Ортағасырдағы түркі мәдениеті

Т.Ғабитов. «Мәдениеттану» Алматы 2007ж. 251-229 б

Дир.ҒӘЖЖ орынбасары _____ Мамбетов М.Б.

Оқытушы: _____ Ибраемжанова К.А.

Сабақтың технологиялық картасы

Пән/ Мәдениеттану

Мерзімі/ _____ Топ/ _____

Сабақтың №/ 12

Тақырыбы/ Көшпелі өркениет құндылықтары

Сабақтың мақсаты/

білімдік/ білім алушыларға көшпелі өркениет әлемдік өркениеттің құрамдас бөлігі туралы айта отырып білгендерін толықтыру

дамытушылық/ білім алушылардың жан-жақты ойлауын, сөйлеу қабілетін, түйсігін, дүниетанымын дамыту, пәнге деген қызығушылығын арттыру

тәрбиелік/ білім алушыларды отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа, туған жеріне, ата-мекеніне деген сүйіспеншіліктерін арттыруға дұрыс бағыт-бағдар беру, патриоттық рухта тәрбиелеу

Сабақтың типі/ аралас сабақ

Сабақтың қамтамасыздандырылуы/

а) оқу-көрнекілік құралдар/ оқулықтар

б) үлестірмелі материалдар/ карточкалар

в) ТОҚ / проектор

Пәнаралық байланыс/ Тарих, Саясаттану, Философия

Өз бетінше жұмыс/ өзіндік жұмыс

Сабақтың өту барысы/

Ұйымдасытру кезеңі/ Сәлемдесу, білім алушыларды түгелдеу, олардың назарын сабаққа аудару

Білім алушылардың біліктілігі мен дағдысын тексеру

1. Ежелгі түрік өркениетінің ерекшелігін айт

2. Ескерткіштер туралы не білесің?

3. Ертіс, Талас жазбаларының алатын орны қандай?

4. Күлтегін, Тоныкөк, Білге қаған жыры қалай дамыды?

Жаңа тақырыптың мазмұны мен жүйесі

(Конспект)

"Мәдениет" деген ұғымның аясы өте кең. Сондықтан да болар, "мәдениет" ұғымының көптеген анықтамасы бар. Адам ой-санасы мен әрекетінің нәтижесінде туындаған құндылықтарды біз мәдениет дейміз. Мәдениетті кейде шартты түрде материалдық және рухани деп екіге бөледі. Қолмен ұстап, көзбен көруге болатын дүниелерді материалдық мәдениет үлгілері дейміз. Ал қолмен ұстап, көзбен көруге болмайтын, тек санамен, түйсікпен қабылданатын мәдениет жетістіктерін біз рухани мәдениет дейміз. Рухани және материалдық мәдениет үлгілерінің арасында тұйық шек жоқ. Кейде материалдық мәдениет үлгілері руханияттың үлгісі болып табылады. Мысалы, сәулет өнері ескерткіші, былай қарағанда, материалдық мәдениет, ал сол сәулет өнерінен халықтың немесе сәулетшінің дүниетанымы, мәдени дәстүрі көрінеді. Оның үстіне, сәулет өнері ескерткішінен көрермен рухани ләззат алады. Бұл жағынан қарағанда сәулет өнері ескерткіші рухани мәдениет үлгісіне де жатады. Кітапты да солай түсінуге болады: әрі материалдық дүние әрі рухани құндылық. Көшпелілердің рухани мәдениетінің өз даму ерекшеліктері бар. Ол көшпелілердің тіршілік қарекетінің, тұрмысының ерекшеліктерінен туындайды. Кейбір батыстық зерттеушілер: "Көшпелілер өз бетінше мәдени құндылықтар жасауға қабілетсіз, олар тек басып алған отырықшы халықтардың мәдениетін қабылдайды. Ал отырықшы халықтардың мәдениеті оларға өгей мәдениет болып қала береді", — дейді. Бұл — мүлде қате пікір. Көшпелілер өз тұрмыс-қарекетіне лайықты

мәдениет қалыптастырған. Көшпелілердің материалдық мәдениеті көші-қонға ыңғайланып жасалған. Мұндай таза көшпелі мәдениет үлгілеріне біз жиналмалы, жығып-тігуі өте жеңіл киіз үйді, ер-тұрман, ат әбзелдерін, теріден, ағаштан жасалған ыдыс-аяқтарын, бесігін, басқа да тұрмыстық заттарын жатқызамыз.

Киіз үй

Көшпелілердің рухани мәдениеті тіптен бай. Мал шаруашылығы — егіншілікке карағанда бұқара халықтың барлығы қамтылмайтын, қамтығанның өзінде көшпелі қауымның бос уақыты көбірек болатын шаруашылық түрі. Сонымен қатар көшпелілер отырықшыларға карағанда табиғатқа жақынырақ, онымен етене өмір сүрген. Көшпелілерде табиғатқа негізделген дүниетаным, ақынжандылық, қиялшылық, түптеп келгенде, шығармашылықпен ойлау жүйесі қатты дамыды. Бұдан "Отырықшы халықтарда бұл қасиет болмады, не аз көрініс тапты" деген ой тумауы керек.

Жаңа материалды бекіту, біліктілік пен дағдыны қалыптастыру

1. Көшпелілер өміріндегі мал шаруашылығының рөлі.
2. Көшпелілердің әдет-ғұрыптары.
3. «Қазақтың ұлттық ойындары».

Сабақтың қорытындысы/ Ортағасырдағы түркі мәдениеті

Рефлексия/

1. сабақта үйренгендерін бекіту, қолдану жолдарын беру
2. жаңадан үйренгенін пайдалана отырып, білімін жүйелеу
3. жауап шешімі осыған байланысты жұмыстар беру арқылы түсінік деңгейін тексеру

Бағалау/ Тапсырманы орындау қорытындысы бойынша білім алушыларды бағалау

Үй тапсырмасы/ Ортағасырдағы түркі мәдениеті

Ш.Өмірбекова. «Мәдинеттану негіздері» Алматы 2003ж. 75-77 б

Дир.ҒӘЖЖ орынбасары _____ Мамбетов М.Б.

Оқытушы: _____ Ибраемжанова К.А.

Сабақтың технологиялық картасы

Пән/ Мәдениеттану

Мерзімі/ _____ Топ/ _____

Сабақтың №/ 13

Тақырыбы/ Дәстүрлі қазақ мәдениеті. Халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері

Сабақтың мақсаты/

білімдік/ білім алушыларға дәстүрлі қазақ мәдениетінің ерекшелігі туралы айта отырып білгендерін толықтыру

дамытушылық/ Білім алушылардың жан-жақты ойлауын, сөйлеу қабілетін, түйсігін, дүниетанымын дамыту, пәнге деген қызығушылығын арттыру

тәрбиелік/ білім алушыларды отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа, туған жеріне, ата-мекеніне деген сүйіспеншіліктерін арттыруға дұрыс бағыт-бағдар беру, патриоттық рухта тәрбиелеу

Сабақтың типі/ жалпылау және жүйелеу сабақтары

Сабақтың қамтамасыздандырылуы/

а) оқу-көрнекілік құралдар/ оқулықтар

б) үлестірмелі материалдар/ карточкалар

в) ТОҚ /

Пәнаралық байланыс/ Тарих, Саясаттану, Философия

Өз бетінше жұмыс/ ребус құрастыру

Сабақтың өту барысы/

Ұйымдасыту кезеңі/ Сәлемдесу, білім алушыларды түгелдеу, олардың назарын сабаққа аудару

Білім алушылардың біліктілігі мен дағдысын тексеру

1. Көшпелілер өміріндегі мал шаруашылығының рөлі.
2. Көшпелілердің әдет-ғұрыптары.
3. «Қазақтың ұлттық ойындары».

Жаңа тақырыптың мазмұны мен жүйесі

(Конспект)

Халық шағармашылығының айрықша саласы, ауызша шығарылып, ауызша тараған көркем - әдеби туындылардың жиынтық атауы. Қазақ халқының мұндай сөз өнерін ғалымдар ауыз әдебиеті деп атаған. Сонымен бірге ғылым мен мәдениетте «Халық шығармашылығы» дейтін атаулар да осыған жақын мағынада қолданылады. 1846 жылы ағалшын Вильям Томс ұсынған «Фольклор» ағылшын folk – халық, lore – білім, даналық сөзі де ауыз әдебиеті атауы үшін халықтар ғылыми атау ретінде орныққан. Бұлардың қай – қайсысы да бірінің орнына бірі қолданыла береді. Бірақ мағыналары бір емес, мысалы «Халық поэзиясы» дейтін ұғым өлең түрінде айтылатын поэзиялық жанрларды жинақтап атауға лайық болса, «Халық шығармашылығы» - халық шығармашылығы мен өнерінің барлық түрлерінің жалпы атауы «Ауызша сөз өнері» - прозалық та, поэзиялық та шығармалардың ортақ ұғымы. Сонымен қатар «Халық даналығы», халық білім деп аударылатын «Фольклор» терминің мән – мағынасында да елеулі айырма бар. Батыс Еуропа, Америка, Австралия халықтарының ұғымында бұл сөздің мағынасы тым ауқынды. Ол халықтың киім кешек, құрал-жабдық әдет – ғұрып, тұрмыс салт, наныл – сенім, сондай ақ түрлі көркем өнерін (поэзия, музыка, би, ою өрнек, тоқыма өнері, т.б.) тұтастай атау үшін қолданылады. Бұл жағынан алғанда ол тек ауыз әдебиетінің ғана емес, «Этнология» этномәдениет дейтін ұғымдар мен де сабақтасып жатыр. «Фольклор» атауы орыс ғылымдарының ауызша поэтик шығармашылығы деген мағынада қалыптасқан. Қазақ әдебиеттану ғылымындағы ауыз әдебиеті көркемдік – идеялық нәрімен эстет, қуат –

тежіруіні мен түрі мен жанырларының молдығымен, тақырыптық және сюжеттік байлығымен, қоғамдық әлеуметтік және тәрбиелік терең мән – мазмұнымен ерекшеленеді.

Шешендік - адамзаттың өзімен бірге жасасып келе жатқан көне өнер түрі. Оның тарихы б.з.д. V-IV ғасырлардан Ежелгі Грек мемлекетінен бастау алады. Ерте дәуір адамдары шешендікті «өнер падишасы» деп жоғары бағалап, шешенді ел басына қауіп төнгенде жауға қарсы қол бастайтын қолбасшымен қатар қойған. Шешендік қазақ халқы үшін де ұлттық мәдениеттің құнды саласы болып саналады. Қазақ шешендігінің тарихы тереңнен тамыр тартып, көне замандарға апарады. Бабаларымыз қашаннан «сөз қадірін өз қадірім» деп ұғынып, «өнер алды – қызыл тіл» екендігін мойындаған.

Жаңа материалды бекіту, біліктілік пен дағдыны қалыптастыру

1. Лирикалық поэмалар.
2. Жыраулар поэзиясы
3. Қазақтың дәстүрлі ән, күйі

Сабақтың қорытындысы/ Дәстүрлі қазақ мәдениеті. Халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері

Рефлексия/

1. сабақта үйренгендерін бекіту, қолдану жолдарын беру
2. жаңадан үйренгенін пайдалана отырып, білімін жүйелеу
3. жауап шешімі осыған байланысты жұмыстар беру арқылы түсінік деңгейін тексеру

Бағалау/ Тапсырманы орындау қорытындысы бойынша білім алушыларды бағалау

Үй тапсырмасы/ Дәстүрлі қазақ мәдениеті. Халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері

А.Қанағатов. «Мәдинеттану негіздері» Алматы 2001ж. 305-310 б

Дир.ҒӘЖЖ орынбасары _____ Мамбетов М.Б.

Оқытушы: _____ Ибраемжанова К.А.

Сабақтың технологиялық картасы

Пән/ Мәдениеттану

Мерзімі/ _____ Топ/ _____

Сабақтың №/ 14

Тақырыбы/ Кеңестік кезеңіндегі Қазақстан мәдениетінің дамуы

Сабақтың мақсаты/

білімдік/ білім алушыларға ұлттық мәдениеттің жаңғыруы туралы айта отырып білгендерін толықтыру

дамытушылық/ білім алушылардың жан-жақты ойлауын, сөйлеу қабілетін, түйсігін, дүниетанымын дамыту, пәнге деген қызығушылығын арттыру

тәрбиелік/ білім алушыларды отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа, туған жеріне, ата-мекеніне деген сүйіспеншіліктерін арттыруға дұрыс бағыт-бағдар беру, патриоттық рухта тәрбиелеу

Сабақтың типі/ аралас сабақ

Сабақтың қамтамасыздандырылуы/

а) оқу-көрнекілік құралдар/ оқулықтар

б) үлестірмелі материалдар/ карточкалар

в) ТОҚ / проектор

Пәнаралық байланыс/ Тарих, Саясаттану, Философия

Өз бетінше жұмыс/ кесте құрастыру

Сабақтың өту барысы/

Ұйымдасыту кезеңі/ Сәлемдесу, білім алушыларды түгелдеу, олардың назарын сабаққа аудару

Білім алушылардың біліктілігі мен дағдысын тексеру

1. Лирикалық поэмалар.
2. Жыраулар поэзиясы
3. Қазақтың дәстүрлі ән, күйі

Жаңа тақырыптың мазмұны мен жүйесі

(Конспект)

1920-1930 жылдардағы білім беру жүйесі мен әдебиет, өнер салаларының дамуы. Қазақстанда 1920-1930 жылдардағы саяси-ағарту орындарының ең көп тараған түрі: оқу үйлері, қызыл отау, клубтар, кітапханалар, ағарту қызметкерлерінің үйлері болды. Қазақ АКСР ОАК IV сессиясы 1928 жылдың желтоқсан айында бүкіл жерде латын әліпбиіне көшуді заңдастырды. Республика мектептерінің оқу базасын күшейтуге мемлекет тарапынан орасан мол қаржы жұмсалды. 1928 жылы Алматы қаласында Қазақстандағы алғашқы жоғары оқу орны Қазақ педагогикалық институты ашылды. Мектеп үйлерінің жоқтығы Арнаулы білімді маман мұғалімдерінің жетіспеуі Қазақстанда кеңестік мектептер жүйесін құрудағы негізгі қиыншылықтар 2-3 ауысыммен оқыту Ұлттық тілдегі оқулықтардың жетіспеуі Қазақстанда кеңестік мектептер жүйесін құрудағы негізгі қиыншылықтарды жою үшін бірқатар шаралар жүргізілді • қалаларда мектепке жарамды үйлер мемлекет меншігіне алынды; жаңа мектеп үйлерін салу қолға алынды; академиялық орталық оқулықтар мен бағдарламалар жасауға кірісті; мұғалімдер білімін жетілдіру институттарында оқытушы кадрлары даярланды;

Қазақ әдебиетіндегі жаңа кезеңнің әлемге танымал шоқтығы биік тұлғалары Сәкен Сейфуллин Міржақып Дулатов Мұхтар Әуезов Сәбит Мұқанов Ілияс Есенберлин Ғабит Мүсірепов, Сәкен Сейфуллиннің шығармашылығы Поэмалары: "Кел, жігіттер", "Жас қазақ марсельезасы", "Жұмыскерлерге", "Жолдастар" сияқты саяси лирикалары, сондай-ақ "Советстан", "Көкшетау", "Альбатрос", "Социалистан", "Қызыл ат". Повестері: "Жер

қазғандар", "Айша", "Біздің тұрмыс", "Сол жылдарда", "Жемістер" 1915 ж. қараша «Жазғы түнде» деген өлеңін жазған

1927 ж. Сәкеннің «Қазақтың көркем әдебиеті туралы» деген мақаласы шықты. 1934 «Қызыл ат» поэмасында ақын Қазақстандағы коллективтендіру кезінде кеткен үлкен қателіктерді, солардың кесапатынан туған трагедиялық қиындықтарды, ащы шындықтарды жасырмай айтады. "Тар жол, тайғақ кешу" атты мемуарлық романы қазақ әдебиетінің көркем туындысы болып табылады. Міржақып Дулатовтың шығармашылығы Алғашқы кітабы — "Оян, қазақ!" 1913 жылы Орынборда "Азамат", ал 1915 жылы "Терме" атты өлеңдер жинағы басылып шығады. 1910 жылы оның проза жанрдағы туындысы "Бақытсыз Жамал" романы Қазан қаласында басылып шықты.

Жаңа материалды бекіту, біліктілік пен дағдыны қалыптастыру

1. 20-30 жылдардағы білім беру жүйесінің дамуы.
2. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан мәдениеті.
3. Халық шаруашылығын дамытуда ұлттық кадырларды дайындау

Сабақтың қорытындысы/ Кеңестік кезеңіндегі Қазақстан мәдениетінің дамуы

Рефлексия/

1. сабақта үйренгендерін бекіту, қолдану жолдарын беру
2. жаңадан үйренгенін пайдалана отырып, білімін жүйелеу
3. жауап шешімі осыған байланысты жұмыстар беру арқылы түсінік деңгейін тексеру

Бағалау/ Тапсырманы орындау қорытындысы бойынша білім алушыларды бағалау

Үй тапсырмасы/ Кеңестік кезеңіндегі Қазақстан мәдениетінің дамуы

А.Қанағатов. «Мәдинеттану негіздері» Алматы 2001ж. 403-410 б

Дир.ҒӘЖЖ орынбасары _____ Мамбетов М.Б.

Оқытушы: _____ Ибраемжанова К.А.

Сабақтың технологиялық картасы

Пән/ Мәдениеттану

Мерзімі/ _____ Топ/ _____

Сабақтың №/ 15

Тақырыбы/ Қазіргі қазақ мәдениеті

Сабақтың мақсаты/

білімдік/ білім алушыларға қазіргі қазақ мәдениеті туралы айта отырып білгендерін толықтыру

дамытушылық/ білім алушылардың жан-жақты ойлауын, сөйлеу қабілетін, түйсігін, дүниетанымын дамыту, пәнге деген қызығушылығын арттыру

тәрбиелік/ білім алушыларды отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа, туған жеріне, ата-мекеніне деген сүйіспеншіліктерін арттыруға дұрыс бағыт-бағдар беру, патриоттық рухта тәрбиелеу

Сабақтың типі/ аралас сабақ

Сабақтың қамтамасыздандырылуы/

а) оқу-көрнекілік құралдар/ оқулықтар

б) үлестірмелі материалдар/ карточкалар

в) ТОҚ / проектор

Пәнаралық байланыс/ Тарих, Саясаттану, Философия

Өз бетінше жұмыс/ кесте құрастыру

Сабақтың өту барысы/

Ұйымдасытру кезеңі/ Сәлемдесу, білім алушыларды түгелдеу, олардың назарын сабаққа аудару

Білім алушылардың біліктілігі мен дағдысын тексеру

1. 20-30 жылдардағы білім беру жүйесінің дамуы.
2. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан мәдениеті.
3. Халық шаруашылығын дамытуда ұлттық кадырларды дайындау

Жаңа тақырыптың мазмұны мен жүйесі

(Конспект)

Мәдениет және ақпарат министрлігінің қызметіндегі маңызды бағыттардың бірі көрмелер ұйымдастыру, ТМД елдерімен әр түрлі іс-шаралар өткізу арқылы тарих және мәдениет ескерткіштерін насихаттау және жария ету болып табылады. 2012 жылғы қаңтардан бастап қарашаға дейінгі кезеңде Министрлік желісі бойынша 8 халықаралық көрмелер өткізілді. Соның ішінде Астана жылында «Астана – Түркі әлемінің мәдени астанасы» шеңберінде 3 ірі мәдени шара өтті. Бұл түркі тілдес елдердің «Ару-Арт» қазіргі заманғы өнер галереясында ұйымдастырылған 9-шы фотосуретшілер кездесуі. Осы іс-шараның шеңберінде өте қызықты «Жаңа мыңжылдықтың жаңа астанасы» атты фотокөрмесі өтті. Осы кездесуге Астанаға Қазақстанның, Қырғызстанның, Әзірбайжанның, Ресейдің, Молдавияның, Түркияның, Кипрдың кәсіби суретшілері, сонымен қатар ТЮРКСОЙ халықаралық ұйымының өкілдері келді. Сонымен қатар, 5 қыркүйек – 5 қазан аралығында Астанада 5-ші биеннале өтті (Биеннале (лат. bis — екі рет + annus — жыл) — түркі өнерінің мүсін өнерінің жылына екі рет өтетін әдеби көрме, кинофестиваль немесе музыкалық конкурс. Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайының залдарында ұйымдастырылған «Франция маржандары – француз өнері және Ренессанс дәуірінен бастап қазіргі кезге дейінгі мәдениет» атты халықаралық көрмесін ерекше атап өту керек. Көрмеге Лувр және Д’Орсэ, Помпиду орталығының, Франция ұлттық кітапханасының, Ұлттық гобелен мануфактуралары, Бове және Савонри мануфактураларының, Версаль сарайының және т.б Франция мұражайларының 400 астам бірегей шығармалары ұсынылды.

Мәдениетте тағы бір бағыт бар – бұл театр өнері. Қазақстанның театр өнерін қолдау мақсатында ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігімен маңызды іс-шаралар өткізілді. Наурызда Алматы қ. шетелдік театр саңлақтарының қатысуымен «Қазіргі театрдағы дәстүрлер мен жаңалықтар» және «Театрлық сын және қазіргі театр процесіндегі оның рөлі» атты XII Республикалық театр өнері қайраткерлерінің практикумы өтті. Оған Қазақстан театрларының директорлары, көркемдік жетекшілері және режиссерлер, Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының оқытушылары мен студенттері, Қазақстанның театр қайраткерлері одағының өкілдері, М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қызметкерлері қатысты. Қыркүйекте Оралда Батыс Қазақстан облысының әкімдігімен бірге КСРО Халық әртісі Халық Қаһарманы, КСРО мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты, атакты кино және театр режиссері Әзірбайжан Мәмбетовтың 80-жылдығына орай XX Республикалық Қазақстанның драма театрларының фестивалі өтті. Сонымен қатар, қыркүйекте Министрліктің келісімімен Жамбыл облысының әкімдігі «Дебют» республикалық жас режиссерлер конкурсын өткізді, ал қазанда Қазақстанның халық жазушысы Шерхан Мұртазаның проза және публицистикалық шығармалары бойынша республикалық жабық конкурсы өткізілді.

Жаңа материалды бекіту, біліктілік пен дағдыны қалыптастыру

1. Қазақстанның көп ұлтты мәдениеті туралы не білесің?
2. Қазіргі қазақ әдебиетінің алатын орны қандай?
3. Қазіргі өнердің даму барысы
4. Әлемдегі өркениеттегі Қазақстан мәдениетінің алатын орны қандай?

Сабақтың қорытындысы/ Қазіргі қазақ мәдениеті

Рефлексия/

1. сабақта үйренгендерін бекіту, қолдану жолдарын беру
2. жаңадан үйренгенін пайдалана отырып, білімін жүйелеу
3. жауап шешімі осыған байланысты жұмыстар беру арқылы түсінік деңгейін тексеру

Бағалау/ Тапсырманы орындау қорытындысы бойынша білім алушыларды бағалау

Үй тапсырмасы/ Қазіргі қазақ мәдениеті

А.А.Қанағатов. «Мәдениеттану негіздері» Алматы 2001ж. 600-618 б

Дир.ҒӘЖЖ орынбасары _____ Мамбетов М.Б.

Оқытушы: _____ Ибраемжанова К.А.

Сабақтың технологиялық картасы

Пән/ Мәдениеттану

Мерзімі/ _____ Топ/ _____

Сабақтың №/ 16

Тақырыбы/ Қарым-қатынастар мәдениеті

Сабақтың мақсаты/

білімдік/ білім алушыларға Отбасылық мәдениет, Отбасылық құндылықтар, туралы айта отырып білгендерін толықтыру

дамытушылық/ білім алушылардың жан-жақты ойлауын, сөйлеу қабілетін, түйсігін, дүниетанымын дамыту, пәнге деген қызығушылығын арттыру

тәрбиелік/ білім алушыларды отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа, туған жеріне, ата-мекеніне деген сүйіспеншіліктерін арттыруға дұрыс бағыт-бағдар беру, патриоттық рухта тәрбиелеу

Сабақтың типі/ аралас сабақ

Сабақтың қамтамасыздандырылуы/

а) оқу-көрнекілік құралдар/ оқулықтар

б) үлестірмелі материалдар/ карточкалар

в) ТОҚ / проектор

Пәнаралық байланыс/ Тарих, Саясаттану, Философия

Өз бетінше жұмыс/ кесте құрастыру

Сабақтың өту барысы/

Ұйымдасыту кезеңі/ Сәлемдесу, білім алушыларды түгелдеу, олардың назарын сабаққа аудару

Білім алушылардың біліктілігі мен дағдысын тексеру

1. Қазақстанның көп ұлтты мәдениеті туралы не білесің?
2. Қазіргі қазақ әдебиетінің алатын орны қандай?
3. Қазіргі өнердің даму барысы
4. Әлемдегі өркениеттегі Қазақстан мәдениетінің алатын орны қандай?

Жаңа тақырыптың мазмұны мен жүйесі

(Конспект)

Қарым-қатынас – адамдар арасында бірлескен іс-әрекет қажеттілігін туғызып, байланыс орнататын күрделі процесс; екі немесе одан да көп адамдардың арасындағы танымдық немесе эмоционалды ақпарат, тәжірибе, білімдер, біліктер, дағдылар алмасу. Қарым-қатынас тұлғалар мен топтар дамуының және қалыптасуының қажетті шарты болып табылады.

Қарым-қатынасты адамның өмірлік іс-әрекетінің негізгі факторы десек қателеспейміз. Интеллект және ерік, эрудиция және эмоционалды мәдениет тәрбиелілік – осылардың барлығы; және басқа адамдарды түсіну, яғни психикалық дұрыс бағалау. Екіншіден олардың мінез-кұлық және жағдайына адекватты эмоционалды жауап бере алу, үшіншіден әр адамның өзінің жеке даралық ерекшеліктеріне байланысты стилін, әдіс-тәсілін, формасын таба білу. Қарым-қатынас мәдениетін көтеру үшін, ерте жастан бастап адамның басқа адамға жанашырлық, тілектестік, ортақтастық, мейірімділік қасиеттерін қалыптастыра білу керек. Қарым-қатынас ең алдымен, бір адамның екінші адамды өзара түсінушілігінен басталады. Немқұрайлық қатігездік тұрпайылық сыйлаусыздық қарым-қатынасты бұзады. Ал, егер тілек, өзара сұрақтар, өзара келіспеушілік басым болса, онда достық қатынас, яғни ол жанұяға қажетті психологиялық атмосфера болып табылады. Біз білетіндей адамның өзара түсінушілігіне бөгет болатын жағдайлар; оның қайталанбастығы, жеке даралығы, бір-біріне ұқсамайтындығы. Өзара түсінушіліктің тағы бір кедергісі қабылдаудың стереотиптілігі. Кейбір адамдар басқаларды терең білмей өз ойларын айта салады. Мысалы; ол – дәрігер, ол – сатушы, сонымен бәрі түсінікті, себебі

олардың моделі, шаблону бейнесі сол адамға беріледі. Адамның басқа адаммен қарым-қатынасы оның жеке күші мен әлсіздігі, өмірлік қайталанбас жеке даралық көрінісі, тәрбиелеу ерекшелігі сияқты мінез-құлқының ерекшелігіне байланысты. Адамға басқа адамдардың бағалауы мен бірге өзіндік ойы, әлеуметтік статусы ұжым да алатын орны сияқты қасиеттер әсер етеді. Қарым-қатынас басқа да іс-әрекет сияқты белгілі бір нәтижемен аяқталады Қарым-қатынас нәтижесін оның өнімі ретінде қарастыруға болады. Өнімі әр түрлі болады. Оның ішінде басты орын алатындары өзара қатынас және өзінің образы. Өзара қарым-қатынас қатынас үрдісіне өзінің әсерін тигізеді. Адамдар арасындағы өзара қатынас таңдау сипатына ие болады. Бұл таңдау адам қажеттілігіне байланыста анықталады. Баланың өз образы өмірлік іс-тәжірибенің әр түрлі түрінде пайда болады: жеке даралық әрекет тәжірибесі және қарым-қатынас тәжірибесі бала дамуындағы шешуші фактор – баланың өзіне қатынасы қоршаған ортаны белсенді өзгерту және әлеуметтік тарихи сипат алады. Қарым-қатынаста адамдар өзін-өзі және басқаларды тану қажеттілігін қанағатандырады. Өзін-өзі тану және қарым-қатынас бір-бірімен тығыз байланысты

Жаңа материалды бекіту, біліктілік пен дағдыны қалыптастыру

1. Отбасылық, некелік қатынастар.
2. Қазіргі қарым-қатынастар мәдениеті.
3. Тамақтану мәдениеті.

Сабақтың қорытындысы/ Қарым-қатынастар мәдениеті

Рефлексия/

1. сабақта үйренгендерін бекіту, қолдану жолдарын беру
2. жаңадан үйренгенін пайдалана отырып, білімін жүйелеу
3. жауап шешімі осыған байланысты жұмыстар беру арқылы түсінік деңгейін тексеру

Бағалау/ Тапсырманы орындау қорытындысы бойынша білім алушыларды бағалау

Үй тапсырмасы/ Қарым-қатынастар мәдениеті

В.Тимошинов. «Мәдинеттану» Алматы 2008 ж. 35-47б

Дир.ҒӘЖЖ орынбасары _____Мамбетов М.Б.

Оқытушы: _____Ибраемжанова К.А.

Сабақтың технологиялық картасы

Пән/ Мәдениеттану

Мерзімі/ _____ Топ/ _____

Сабақтың №/ 17

Тақырыбы/ Будда мәдениеті

Сабақтың мақсаты/

білімдік/ білім алушыларға Үнді мәдениетіндегі діннің алатын орны туралы айта отырып білгендерін толықтыру

дамытушылық/ білім алушылардың жан-жақты ойлауын, сөйлеу қабілетін, түйсігін, дүниетанымын дамыту, пәнге деген қызығушылығын арттыру

тәрбиелік/ білім алушыларды отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа, туған жеріне, ата-мекеніне деген сүйіспеншіліктерін арттыруға дұрыс бағыт-бағдар беру, патриоттық рухта тәрбиелеу

Сабақтың типі/ жаңа оқу материалын меңгеру сабақтары

Сабақтың қамтамасыздандырылуы/

а) оқу-көрнекілік құралдар/ оқулықтар

б) үлестірмелі материалдар/ карточкалар

в) ТОҚ / проектор

Пәнаралық байланыс/ Тарих, Саясаттану, Философия

Өз бетінше жұмыс/ сөзжұмбақ құрастыру

Сабақтың өту барысы/

Ұйымдасытру кезеңі/ Сәлемдесу, білім алушыларды түгелдеу, олардың назарын сабаққа аудару

Білім алушылардың біліктілігі мен дағдысын тексеру

1. Отбасылық, некелік қатынастар.
2. Қазіргі қарым-қатынастар мәдениеті.
3. Тамақтану мәдениеті.

Жаңа тақырыптың мазмұны мен жүйесі

(Конспект)

Үнді — будда мәдениеті. Жер шарындағы қасиетті де, құдіретті мәдениеттердің бірі — Үнді мемлекетінде қалыптасып өркендеген **үнді-будда мәдениеті**. Үнді елінің ғасырлар бойғы мәдени дәстүрлері оның талантты халқының діни сана-сезімінің қалыптасып, дамуымен тығыз байланысты болды.

"Будда"

Үнді жеріне келген арийлер өздерімен бірге б.з.б. 2000 жылы шыға бастаған көне мәдени мұралардың бірі — Ведаларды ала келіп, оны жергілікті халықтың арасына кеңінен тарата бастады. Ведалар дегеніміз — діни сарындағы дұғалардың, құрандардың, құрбандық шалу кезінде айтылатын суреттемелердің, табиғаттың поэтикалық бейнесінен хабардар ететін өлеңдердің жиынтығы. Үндінің атақты жазушысы Рабиндранат Тагор ведалық гимндерді «Халықтың қуанышшаттығы мен оның өмірге деген сүйіспеншілігі мен қорқынышының поэтикалық куәгері» деп өте жоғары бағалаған болатын. «Жаратушы әні» гимнінде бізді қоршаған дүние былай деп сипатталады: «Ең алғашқы кезеңде дүние хаос жағдайында болды. Бірақ, уақыт өткен сайын адамзат баласының тіршілік етуге деген құлшынысы байқалды, соның нәтижесінде жарық, одан кейін аспан мен су патшалығы пайда болды. Міне, дәл осы кезден бастап жер бетінде тіршілік қалыптасты, ал құдайлар дүние жаратылғаннан кейін барып пайда болды». Шамамен, б.з.б. 800 жылында қалыптасқан упанишадтар үнді-арийлердің діни көзқарастарының дамуындағы басты қадам болып саналады. Өйткені, упанишадтар адамның ішкі жан дүниесі, оның өмірінің мән-мағынасы, адамды ақиқат пен шындыққа апарар жолдар мен олардың бұл өмірдегі маңызы, өлім мен мәңгілік ғұмыр жайындағы діни-философиялық толғауларға толы

болып келеді. Ең бастысы — упанишадтарда Брахман мен Атман идеялары кеңінен көрініс тапқан. Брахман — абсолютті шындық, абсолютті руханилық, бұл дүниеде одан тысқары еш нәрсе де жоқ, олай болса бізді қоршаған ортаның мәні де осы Брахманда. Ол Атман болса осы жағдайларды ескере отырып — жеке тұлғаны мойындау. Упанишадтар діни философиялық ой-сананың дамуына түрткі болды, сөйтіп көп ұзамай-ақ оның алты мектебі қалыптасты.

Жаңа материалды бекіту, біліктілік пен дағдыны қалыптастыру

1. Үнді мәдениетіндегі дінің алатын орны қандай?
2. Дін қаншаға бөлінеді?
3. Будда мәдениетінің таралу тарихы туралы айт

Сабақтың қорытындысы/ Будда мәдениеті

Рефлексия/

1. сабақта үйренгендерін бекіту, қолдану жолдарын беру
2. жаңадан үйренгенін пайдалана отырып, білімін жүйелеу
3. жауап шешімі осыған байланысты жұмыстар беру арқылы түсінік деңгейін тексеру

Бағалау/ Тапсырманы орындау қорытындысы бойынша білім алушыларды бағалау

Үй тапсырмасы/ Будда мәдениеті

А.Қанағатов. «Мәдинеттану негіздері» Алматы 2001ж. 803-810 б

Дир.ҒӘЖЖ орынбасары _____ Мамбетов М.Б.

Оқытушы: _____ Ибраемжанова К.А.

Сабақтың технологиялық картасы

Пән/ Мәдениеттану

Мерзімі/ _____ Топ/ _____

Сабақтың №/ 18

Тақырыбы/ Христиан өркениеті.

Сабақтың мақсаты/

білімдік/ білім алушыларға Христиан өркениеті туралы айта отырып білгендерін толықтыру

дамытушылық/ білім алушылардың жан-жақты ойлауын, сөйлеу қабілетін, түйсігін, дүниетанымын дамыту, пәнге деген қызығушылығын арттыру

тәрбиелік/ білім алушыларды отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа, туған жеріне, ата-мекеніне деген сүйіспеншіліктерін арттыруға дұрыс бағыт-бағдар беру, патриоттық рухта тәрбиелеу

Сабақтың типі/ аралас сабақ

Сабақтың қамтамасыздандырылуы/

а) оқу-көрнекілік құралдар/ оқулықтар

б) үлестірмелі материалдар/ карточкалар

в) ТОҚ / проектор

Пәнаралық байланыс/ Тарих, Саясаттану, Философия

Өз бетінше жұмыс/ ребус құрастыру

Сабақтың өту барысы/

Ұйымдасыту кезеңі/ Сәлемдесу, білім алушыларды түгелдеу, олардың назарын сабаққа аудару

Білім алушылардың біліктілігі мен дағдысын тексеру

1. Үнді мәдениетіндегі дінің алатын орны қандай?
2. Дін қаншаға бөлінеді?
3. Будда мәдениетінің таралу тарихы туралы айт

Жаңа тақырыптың мазмұны мен жүйесі

(Конспект)

Христиан дінінің пайда болуы. Христиан діні біздің дәуіріміздің 1-ғасырының екінші жартысында Кіші Азияда пайда болды. Оның шығу және жылдам таралу себебін анықтау үшін сол кездегі жағдайларға тоқталуымыз керек Шындығында христиан діні Шығыс халықтарының діни ғана емес, философиялық түсініктерін де қабылдады. Христианшылдықтың идеялық төркіні, біріншіден, әр түрлі шығыс діндерінің мифологиясы, екіншіден, ежелгі дүниедегі арнайы философиялық ұғымдар еді. Шығыс діни жүйесінде христиандарға үлкен ықпал еткен иудаизм – еврейлердің ежелгі монотеистік діні. Христиан дінінің қасиетті кітабы – Библияның құрамына иудаизмнің қасиетті кітабы - Көне өсиет те (Ветхий Завет) кірген. Ол құдайдың әлемді, өсімдік және жануарларды, адамды жаратуы туралы Көне өсиет қағидаларын өзгеріссіз сақтады. Қазіргі кезге дейін Көне өсиет христиан және иудаизм дініндегілер үшін де қасиетті кітап болып саналады.

Христиан шіркеулерінің құрылуы. Телогтардың уағызына сәйкес шіркеу «Христостың денесі» ретінде дүние жаратылғаннан бастап бар. Олар шіркеуді тарихи түрде апостолдарда және Иерусалимдегі алғашқы діндарлардың бірігуінен шықты-мыс дегенді айтады. Шіркеудің мәңгі өмір сүруінен келіп христиан ілімінің өзгермейтіндігін тұжырымдайды. Шындығында, шіркеу христианшылдықтан тым кейін пайда болған. Шіркеудің пайда болуы алғашқы христианшылдықтың дамуының маңызды кезені болып табылады. Осылайша 11 ғасырдың екінші жартысында-ақ қауымдарда билік шын мәнінде епископтардың бай христиандар өкілдерінің қолына көшті. Шіркеудің нығаюы қасиетті жазбалар мен қасиетті аңыздардың жасақталуымен қатар жүрді. Христиан дінінің қасиетті

жазбасы Библияда (грек biblia – кітаптар) жинақталған. Оның қазақша атауы Інжіл. Осы кітаптардың бірінші бөлігі (Ветхий Завет – Ескі өсиет,автор) Иудаизм дініне де ортақ. Барлығы 77 кітап. Олар ежелгі еврей, арамей (өте аз бөлігі) және грек-койне (Новый Завет – Жаңа өсиет) тілдерінде жазылған. Қазіргі кезде Інжіл көптеген елдердің тілдеріне аударылған. Рим мемлекетінің христиандықты қудалауы немесе сған бейқам қарауы 1У ғ. Басында жаңа дінді қолдауға көшті. 313 жылы император Константин Әдикт үкім шығарып, христиан дінін басқа діндермен теңгерді, ал 324 жылы христиандықты ресми түрде Рим империясының мемлекеттік діні деп жариялады. 325 жылы оның басшылығымен Нике қаласында 1 Бүкіләлемдік христиан шіркеулерінің соборы шақырылды, ал христиан діни ілемінде зор рөл атқарды.Рим мемлекетінің ыдырауы нәтижесінде төрт дербес шіркеулер пайда болды. Олар – Константинополь, Александрия, Антиохия, Иерусалим шіркеулері, іле-шала Антиохия шіркеуінен Кипр, кейіннен Грузин православие шіркеуі бөлініп шықты. Христиан діні ірі екі негізгі бағытқа – православие, католиктік бағытқа бөлінді. Бұл бөліну жүздеген жылдар бойы қалыптасып, орнықты. V ғасырдан бастап олардың арасында христиан дінін билеп-төстеу үшін күрес басталды. 1054 жылы шығыс және батыс христиан шіркеулері айырылысып тынды. Батыс шіркеуі – Рим-католиктік, яғни әлемдік шіркеу деп аталатын болды. Ал шығыс шіркеуі – православие шіркеуі деп аталып, ол алғашқы, ортодоксалды христиан принциптерін берік ұстанып қалды.

Жаңа материалды бекіту, біліктілік пен дағдыны қалыптастыру

- 1 Христиан дінінің шығу тарихы қандай?
2. Христиан дінінің құндылықтарын ата
3. Христиан дінінің Еуропа өркениетіндегі орны қандай?

Сабақтың қорытындысы/ Христиан өркениеті

Рефлексия/

1. сабақта үйренгендерін бекіту, қолдану жолдарын беру
2. жаңадан үйренгенін пайдалана отырып, білімін жүйелеу
3. жауап шешімі осыған байланысты жұмыстар беру арқылы түсінік деңгейін тексеру

Бағалау/ Тапсырманы орындау қорытындысы бойынша білім алушыларды бағалау

Үй тапсырмасы/ Христиан өркениеті

А.Қанағатов. «Мәдинеттану негіздері» Алматы 2001ж. 803-810 б

Дир.ҒӘЖЖ орынбасары _____ Мамбетов М.Б.

Оқытушы: _____ Ибраемжанова К.А.

Сабақтың технологиялық картасы

Пән/ Мәдениеттану

Мерзімі/ _____ Топ/ _____

Сабақтың №/ 19

Тақырыбы/ Ислам өркениеті

Сабақтың мақсаты/

білімдік/ білім алушыларға Ислам өркениеті туралы айта отырып білгендерін толықтыру
дамытушылық/ білім алушылардың жан-жақты ойлауын, сөйлеу қабілетін, түйсігін, дүниетанымын дамыту, пәнге деген қызығушылығын арттыру

тәрбиелік/ білім алушыларды отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа, туған жеріне, ата-мекеніне деген сүйіспеншіліктерін арттыруға дұрыс бағыт-бағдар беру, патриоттық рухта тәрбиелеу

Сабақтың типі/ жаңа білімді меңгеру сабағы

Сабақтың қамтамасыздандырылуы/

а) оқу-көрнекілік құралдар/ оқулықтар

б) үлестірмелі материалдар/ карточкалар

в) ТОҚ / проектор

Пәнаралық байланыс/ Тарих, Саясаттану, Философия

Өз бетінше жұмыс/ мәтінмен өзіндік жұмыс

Сабақтың өту барысы/

Ұйымдасу кезеңі/ Сәлемдесу, білім алушыларды түгелдеу, олардың назарын сабаққа аудару

Білім алушылардың біліктілігі мен дағдысын тексеру

1. Христиан дінінің шығу тарихы.
2. Христиан дінінің құндылықтарын.
3. Христиан дінінің Еуропа өркениетіндегі орны

Жаңа тақырыптың мазмұны мен жүйесі

(Конспект)

Ислам өркениеті - ислам дінінің құндылықтары негізінде қалыптасқан әлемдік өркениеттердің бірі. Ислам өркениетінің алғашқы нышандары VII ғасырдың басында Хиджаз арабтарының арасында қалыптаса бастады. Оның басты себептеріне Сауд Арабиясы түбегінде көшпелі және қалалық мәдениеттердің жаңа рухани негізде біріге бастауы, ежелгі тайпалық діндердің тоқырауы және жалпыарабтық этникалық сананың пайда болуы жатады. Мұхаммед пайғамбар мен одан кейінгі төрт халифа Әбу Бәкір, Омар, Осман, Әли Әбу Тәліб билігі дәуірі (622-661) және Омейя әулеті (661-750), Аббас әулеті биліктері дәуірінде (750-1258) солтүстікте Еділ өзенінен оңтүстікте Мадагаскарға және шығыста Қытайдан, батыста Францияның оңтүстігіне дейінгі кең аумақта таралған және олармен көршілес аймақтарға да әсерін тигізген ислам діні ықпалымен адамзат өркениетінің өзіндік ерекшелігі бар бір түрі қалыптасты. Ислам өркениетінде араб тілі мен араб жазуы алдыңғы орынға шығып, негізгі ғылым тілі мен мәдениетқұралы қызметін атқарды. Орта ғасырлардағы ислам

ғалымдары медицина, астрономия, химия, физика, математика, мәдениет, логика), әдеп, философия салаларында көптеген ғылыми жаңалықтар ашып, айтарлықтай табыстарға жетті. Олар ежелгі Грекия, Рим, Ежелгі Шығыс өркениеттері жетістіктерін дамыта отырып, жаңа дәуірдегі батыс мәдениетінің қалыптасуына негіз қалады. Аса көрнекті түркі ғалымдары Әбу насыр әл-Фараби, Қожа Ахмет Иассауи, Сүлеймен Бақырғани, т.б. ғұламалар өз еңбектері арқылы Ислам өркениетіне үлкен үлес қосты.

Басқа да барлық дүниежүзілік діндер сияқты Ислам дінінің де өзіндік ұзақ тарихы бар. Ол тарих дүниежүзілік әлем тарихымен ұштасып, жұптасып, шамдасып жатады. Бірақ, ислам

дінінің шығу дәуіріне, уақыт талабына, оны ұстанған халықтардың тұрмыс-тіршілігіне, әдет-ғұрпына байланысты, психологиясына, көңіл-күйіне қарай өзіндік ерекшеліктерінің бар екенін аңғарғанымыз жөн.

Ислам діні – дүние жүзілік діндердің ішінде ең кеш шыққан жас дін. Ол біздің заманымыздың VII ғасырында арабия түбегін мекендеген тайпалар алғашқы қауымдық қатынастардан таптық қатынастарға көше бастаған кезде құл иеленушілік идеологиясы ретінде дүниеге келді. Тарихи деректерге, әдеби аңыздарға сүйенсек, Ислам діні Арабиядағы Хиджаз өлкесінің ең ірі қаласы – Меккеде шықты. Арабия елі бірқатар бай елдердің орталығы болды. Олар: Рим, Византия, Египет, Иран және басқа елдер бір-бірімен сауда қатынасын жасаған кезде Арабия жерін басып өтетін. Осыған байланысты Араб феодалдары жер келері боуымен бірге, құл жұмсаудан, құл сатудан орасан зор табыс түсіріп отырды.

Жаңа материалды бекіту, біліктілік пен дағдыны қалыптастыру

1. Ислам мәдениетінің шығу тарихы қандай?
2. Құранның алатын орны қандай?
3. Қазіргі Исламның ерекшелігі қандай?

Сабақтың қорытындысы/ Христиан өркениеті

Рефлексия/

1. сабақта үйренгендерін бекіту, қолдану жолдарын беру
2. жаңадан үйренгенін пайдалана отырып, білімін жүйелеу
3. жауап шешімі осыған байланысты жұмыстар беру арқылы түсінік деңгейін тексеру

Бағалау/ Тапсырманы орындау қорытындысы бойынша білім алушыларды бағалау

Үй тапсырмасы/ Христиан өркениеті

III. Өмірбекова. «Мәдинеттану негіздері» Алматы 2003ж. 63 - 70 б

Дир.ҒӘЖЖ орынбасары _____ Мамбетов М.Б.

Оқытушы: _____ Ибраемжанова К.А.



Білім алушылардың білім деңгейін бақылау мен бағалауға арналған
материалдар

«Мәдениеттану»

(пәннің коды және толық атауы)

1305000 - «Ақпараттық жүйелер»

(мамандықтың шифры және толық атауы)

Сынақ сұрақтары.

1. Мәдениет қалай қалыптасты?
2. Өркениет дегеніміз не?
3. Көшпенділер өркениетіне түсінік беріңіз?
- 4.1920-1930 жылдардағы мәдени құрылыстар қалай қалыптасқанын айтып бер?
- 5.Әміре Қашаубаев деген кім?
6. Мәдениет ұғымы туралы түсінік бер?
- 7.Ұлы Отан соғысы жылдарындағы мәдениет.
8. Қазақстан жеріндегі «Жібек жолы» тораптары.
9. Мәдениет нешеге бөлінеді және қандай,айтып беріңіз?
- 10.9-12ғғ.Қазақ халқының орта ғасырлық мәдениеті туралы айтып бер?
- 11.Ахмет Байтұрсынов туралы білетініңіз.
- 12.Сақтардың өнері мен мәдениеті.
- 13.Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ғылым, білім,әдебиет, өнер туралы айтып бер?
- 14.Алғашқы діндерді атаңыз?
- 15.Қазақстанда қандай ескерткіштер бар?
- 16.Дін дегеніміз не, қалай түсінесің?
- 17.Қазіргі кездегі Қазақстан мәдениеті.
- 18.Қазақ бейнелеу өнерінің даму тарихы.
- 19.18-19ғғ. Мәдениеті туралы мағлұмат беріңіз?
- 20.Ұлы Жібек жолы туралы айтып беріңіз?
- 21.Ислам діні туралы айтыңыз.
- 22.Ежелгі дәуірдегі Қазақстан территориясын мекендеуші халықтар мәдениеті.
- 22.Наурыз мейрамы туралы айтыңыз?
- 23.Жұмаш Шанин деген кім?
- 24.Жыл аттарын және ай аттарын атаңыз?
- 25.Египет мәдинеті туралы білетініңіз?
- 26.Күлаш Байсейтованың мәдениетке қосқан үлесі.
- 27.Көшпенділердің әдет ғұрыптары туралы түсінік беріңіз?
- 28.Конфуций - Дао ілімі туралы білетініңіз?
- 29.Алғашқы саяси қайраткердің бірі М.Дулатов.
- 30.16-18ғғ. әдет-ғұрыптар туралы айтыңыз?
- 31.Христиан діні туралы түсінік беріңіз?
- 32.Әл-Фараби деген кім?
- 33.Есік обасынан табылған «Алтын адам»туралы айтыңыз.
- 34.Үнді- Будда діні туралы түсінік беріңіз?
- 35.Ә.Бөкейханов кім?
- 36.Қазақтың салт - дәстүрлерін атап беріңіз?
- 37.Қазақ күнтізбесі туралы айтыңыз.
- 38.М.Дулатов туралы айтыңыз?
- 39.Қазақтың ырымдарын атаңыз?

40. Қазақтың қандай ұлттық аспаптарын білесіз?
41. Мәдениет және өркениет туралы айтып беріңіз?
42. Қазақ атауының шығуы.
43. Мәдениеттің мақсаттары қандай, айтап беріңіз?
44. Христиан діні туралы айтып беріңіз?
45. Ежелгі Греция мәдениеті.
46. Киіз үйдің шығу тарихы туралы айтыңыз.
47. Лирикалық поэмалар деген не?
48. Ы. Алтынсаринның мәдениетке қосқан үлесі.
49. Жібек жолының маңызы неде?
50. А.В. Затаевич туралы не білесіз?
51. Батырлық эпос туралы білетініңіз?
52. Тотемизім дегеніміз не?
53. Ш. Уәлиханов кім, қандай еңбектерін білесіз?
54. 1924 ж. «Сауатсыздық жойылсын» қоғамы туралды айтыңыз?
55. Абай қандай үш кеселден аулақ болу керек деді?
56. Анимизм дегеніміз не?
57. Қазақстандағы ежелгі қалалар.
58. Ахмет Йассауидің мәдениетке деген көзқарасы.
59. Ою-өрнектің тарихы туралы айтыңыз.
60. Қазіргі өнердің даму барысы.

**Сабақ беруге арналған мамандандырылған
аудиториялар тізімі**

«Жалпы әлеуметтік» пәндер бірлестігі

(цк атауы)

Мәдениеттану

(пән атауы)

Рет №	Аудитория (кабинет, лаборатория) №	Аудиторияның (кабинет, лаборатория) жұмыс бағыты	Пәнді оқытуда қолданылатын құрал- жабдықтар
1	2	3	4
1	521	521	Дербес компьютер
2			

Бағдарлама жетекшісі _____
(қолы)

оқытушы К.А.Ибраемжанова
(аты-жөні, тегі, лауазымы)